Хотя переговоры с турецкими партнерами проходят в самой свободной манере, турки весьма ценят точность и ясность изложения позиций. Часто они не очень сильны в иностранных языках, поэтому к переговорам лучше перевести свою презентацию на турецкий язык. Эксперты рекомендуют использовать при составлении презентаций больше визуальной информации в форме графиков, карт, диаграмм, схем и т.п., поскольку психологи отмечают высокую восприимчивость турецкого сознания к красочно оформленному визуальному ряду [3].

Для обоснования своего делового предложения важно использовать точные и ясные формулировки, подчеркнуть его рентабельность для турецкой стороны. Однако прибыль - далеко не единственный аргумент для турок: они весьма восприимчивы к вопросам власти и влияния, уважения и известности. Если вы скажете, что о вашей сделке напишут во всех газетах и ваших турецких партнеров покажут по телевидению, это может стать решающим аргументом при подписании соглашения.

Для принятия окончательного решения турецким партнерам может понадобиться достаточно долгое время, поскольку в условиях семейного бизнеса окончательное решение - это решение семьи. В подобных обстоятельствах стоит запастись терпением, возможно, даже закончить текущий раунд переговоров и предложить турецкой стороне сообщить вам о своем решении несколько позже в письменном виде. Важно при этом иметь в виду, что турки не очень обязательные партнеры, и если они говорят "завтра", это означает "может быть, завтра", а если вы слышите: "Я сделаю, если пожелает Аллах", - вы получили фактический отказ. Во всех случаях во время переговоров следует полагаться только на письменные соглашения и предусмотреть четкую систему штрафов за невыполнение обязательств.

В современной светской Турции коктейли стали очень распространенной формой приемов, поскольку они достаточно демократичны, для их подготовки требуется меньше времени и они позволяют принять большое количество гостей в сравнительно небольшом помещении. Коктейли могут быть деловыми, которые проводят в перерывах между заседаниями на конгрессах и симпозиумах и которые длятся 40-50 минут, и банкеты-коктейли продолжительностью до 2 часов, их часто проводят на свежем воздухе[4].

Таким образом, можно сделать вывод, что в сфере делового общения у турков преобладает своя характерная манера общения, которая отличается от русской, казахской и др. манер общения. Эта манера позволяет избежать недопонимания, и придает деловой встрече дружеский настрой. Также в этикете ведения переговоров можно заметить восточные традиционные и европизированные манеры турков.

Список использованной литературы:

1. *Деловой этикет на Востоке. Настольная книга бизнесмена: уч.пособие.* / Н.П.Романова, В.В.багин, И.В.Романова и др.. – М.: Восток-запад, 2005. – 295с.: 21 см
2. https://studme.org/120806235969/politologiya/turetskiy_stil_vedeniya_peregovorov
3. *Правила деловых отношений / Сост. М.Э. Чупрякова.*- Екатеринбург: Изд-во «Литур», 2001. – 256 с.
4. *Энциклопедия этикета / Сост. О.И. Максименко.* – М.: ООО «Изд-во АСТ»: ООО «Изд-во Астрель», 2001. – С. 139.

Осман Кабадайы
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы, Қазақстан

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА ЛАТЫН ӘЛІПБИІ ТУРАЛЫ КЕЙБІР ОЙЛАР*

Аңдатпа

Қазақ тілі графикасы 1929 ж. дейін араб әліпбиін, 1929-1940 жж. аралығы латын, 1940 ж. осы уақытқа дейін кириллицаны қолданып келгені мәлім.

Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани Жаңғыру» атты мақаласында Қазақстанның 2025 ж. латын әліпбиіне толығымен өту ниетінде екендігін атап өтіп, ғылым мен білім саласындағы мамандардан өз пікірлерін білдірулерін ұсынды. Осы орайда Қазақстанның түкпір-түкпірінде әр түрлі санатта ғылыми жиындар өтіп, тақырып қызу талқылауға түсіп жатыр.

Мақалада Қазақстанның латын қарпіне өтуі туралы шешімінің тарихи оқиға екендігіне, Қазақстан-ның түркі әлеміндегі орны мен рөліне және жаңа қазақ латын әліпбиінің артықшылығы мен кемшілік тұстарына шолу жасалады, түркі әлемі үшін ортақ тіл мен ортақ әліпбидің түзілуі мәселесінің өзекті тақырыптар қатарында екендігі аталып өтіледі.

Түйін сөздер: қазақ тілі, түркі эсперантосы, ортақ түркі әліпбиі, көне түркі руникалық жазуы, төте жазу, саясат, IT-технология, фонология.

Осман Кабадайы
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Алматы, Казахстан

О НЕКОТОРЫХ РАССУЖДЕНИЯХ ПО ЛАТИНСКОЙ ГРАФИКЕ В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация

Сделана попытка вкратце проанализировать исторические аспекты развития казахского алфавита начиная с древнетюркской письменности до наших дней; древнетюркской рунической письменности, арабской графики, латиницы в 1929-1940 гг., кириллицы и новой латиницы образца нынешнего года. Подчеркнута историческая роль решения Главы Государства Н.Назарбаева по переходу казахского алфавита на латинискую графику. Дана историко-лингвистические сравнения и сопоставления казахского языка и других тюркских языков в плане графики, письма и произношения. Сделан краткий обзор нового казахского алфавита, в том числе некоторые недоработки и пробелы в плане графики, фонетики и практического применения.

Ключевые слова: казахский язык, тюркская эсперанто, общетюркский алфавит, древнетюркская руническая надпись, арабографический «байгурсьновский алфавит» – «тоте жазу», политика, IT-технология, фонология.

Abstract

*Бұл мақала 13-15 қазан 2017 ж. Анкарада өткен «Түркі тілдес елдер құрылтайы» атты Халықаралық конференцияда жасалған «Қазақстанның жаңа әліпбиге өту кезеңі» атты баяндама негізінде түзілді.

Osman Kabadayi
Abai Kazakh National Pedagogical University
Almaty, Kazakhstan

THOUGHTS ON KAZAKHSTAN'S NEW LATIN ALPHABET

Kazakh Turkish was written in Arabic letters from the beginning of the 20th century to 1929, passed to the Latin letters between 1929-1940, and written in 1940 with the Cyrillic alphabet.

Kazakhstan President Nursultan Nazarbayev predicted that Kazakhstan should pass to the Latin alphabet by 2025 in the article entitled "Bolashaqqa Baghdar: Ruhani Jangiruw" which was published on 12 April 2017 in the Sovereign Kazakhstan Gazette. The opinion of the concerned people and scientists. Accordingly, starting from 2018, it is planned to gradually switch to the Latin letters in Kazakhstan. In this direction, scientific meetings were held in various places in Kazakhstan and the opinions of Kazakh scientists were consulted.

In this study, it will be tried to explain why Kazakçan should be written in Latin letters and what kind of Latin alphabet should be adopted for Kazakh language, and emphasize the importance of common language for Turkish world.

Keywords: Kazak Turkish, Latin alphabet, Common Turkish Alphabet, turkic to the esperanto, politics, IT-technology, phonology.

Özet

Osman Kabadayi
Abay Kazak Millî Pedagoji Üniversitesi
Almaty, Kazakistan

KAZAKİSTAN'IN YENİ LATİN HARFLERİ ÜZERİNE DÜŞÜNCELER

Kazakça 20. yüzyılın başlarından 1929'a kadar Arap harfleriyle yazılmış, 1929-1940 yılları arasında Lâtin harflerine geçilmiş, 1940 yılından günümüze ise Kiril alfabesi ile yazılacaktır.

Kazakistan Cumhurbaşkanı Nursultan Nazarbayev, *Egemen Kazakistan* gazetesinde 12 Nisan 2017 tarihinde yayımlanan "Bolaşaqqa Bağdar: Ruhani Janğiruw" (Geleceğe Doğru Yol: Manevi Canlanma) başlıklı makalesinde Kazakistan'ın 2025 yılına kadar Lâtin alfabesine geçmesi gerektiğini öngörmüş, bu konuyla ilgili halkın ve bilim adamlarının görüş belirtmesini istemiştir. Buna göre Kazakistan'da 2018 yılından itibaren kademeli bir şekilde Lâtin harflerine geçilmesi planlanmaktadır. Bu doğrultuda Kazakistan'ın çeşitli yerlerinde bilimsel toplantılar düzenlenmiş ve Kazak bilim adamlarının konuyla ilgili görüşlerine başvurulmuştur.

Bu çalışmada Kazakçanın niçin Lâtin harfleriyle yazılması gerektiği ve Kazakça için nasıl bir Lâtin alfabesi benimsenmesi gerektiği açıklanmaya çalışılacak ve Türk dünyası için ortak iletişim dilinin önemine vurgu yapılacaktır.

Anahtar sözcükler: Kazak Türkçesi, Lâtin alfabesi, Ortak Türk Alfabesi.

Кіріспе

Түркі халықтары ең алғашқы жазу-сызу белгілерінен бастап күнімізге дейін әртекті әліпбилер мен графика жүйелерін қолданғаны белгілі. Тіпті жазу-сызуды ауыстыру жағынан дүние жүзінде түркі халқтарынан асқан халық кемде-кем екендігі рас. Тарихи-хронологиялық жағынан Көктүрік, Ұйғыр, Соғды, Брахми, Манихей, Тибет, Сұрани, Арап, Грек, Армян, Еврей, Латын және Кирилл әліпбилері түріктер тарапынан қолданғаны белгілі (қар.: Текин, 1997)¹. Осы әліпбилердің арасында ең көп қолданыста болғаны

¹Текин, Талат. *Tarih Boyunca Türkçenin Yazımı (Tarih беттерінде түркі таңбасы)*, Симура жарияланым, Анкара, 1997. –136 б.

Ұйғыр мен Арап негізді қаріп екендігі мәлім. Арап әліпбиі түркі тілінің фонетикасы мен үндестік заңына сәйкес келмесе де өзінің тарихи миссиясын орындап шыққандығы анық. Түркілердің мұндай дәрежеде жиі және әртүрлі әліпби ауыстыруларының себебі олардың аса ауқымды географиялық кеңістігі мен әртүрлі мәдени-конфессиялық ортамен кездесіп, қоян-қолтық араласулары болса керек. Қазіргі күннің өзінде түркі тілдері үш бөлек әліпбиді қолдану үстінде: латын, арап және кириллица.

Қазақ тілі 20-шы ғасыр басы шамаларында 1929 ж. дейін арап тектес әліпби қолданса, 1929-1940 жж. аралығында латын, ал 1940 ж. күнімізге дейін кирилл әліпбиін қолдану үстінде (қар.: Ширин Усер, 2006: 287)².

12 сәуір, 2017 ж. Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Егемен Қазақстан газетінде жарияланған «Болашаққа бағдар: Рухани Жаңғыру» атты мақаласында Қазақ елінің кирилл әліпбиінен латын әліпбиіне өту мәселесін қайтадан қозғап, 2018 ж. бастап 2025 ж. дейін сатылы түрде латын әліпби жүйесіне өту қажеттігін атап өткен болатын. Әліпби ауыстыру сияқты шығыны мол және ауқымды іс-шараның экономикалық жағы айтылмаса да елдің әлеуметтік-экономикалық тұрғыда тұрақты дамуы бұл мәселені де еңсере алатындығының басты көрсеткіші болса керек.

Қазақстан не үшін Латын әліпбиіне көшпек?

Қазақстан таирихи тұрғыда көптеген уақыттан кейін алғашқы рет әліпби ауыстыру қажеттігін мойындап, осы ауқымды істі ерікті түрде жөн деп қабылдады. Ел кирилл әліпбиін 1940 ж. бері қолданып келеді. Бұл әліпби визуальды түрде болса да Кеңес Одағы дәуірін еске салып, өз дәуірінің әпербақан күші мен саяси қуғын-сүргін заманын еске түсіретіні даусыз. Сондықтан да бұл әліпбидің идеологиялық ныспы ауырлау басып, қай жағынан алса да саясылық көрініп тұратындығы белгілі. Негізінен осы фактор шешуші рөл атқарып, тәуелсіздіктеріне қол жеткізе сала Азербайжан, Түркіменстан және Өзбекстан елдері әліпби ауыстыру мәселесін бірінші кезекке қойғандығы белгілі. Ал Қазақстанның бұл шешімі тарихи тұрғыда тиісті бағасын алатын, тәуелсіз елдің дербес шешімі ретінде қабылданатыны анық. Бұл бірінші кезекте білім беру жүйесінің тәуелсіздігіне алып келеді. Сонымен қатар Қазақстан экономи-касының қарыштап дамуы мұндай ауқымды істің саяси, әлеуметтік және идеологиялық негізін қалайтын күшін қамтамасыз етеді. Интернетпен бірге келген ІТ технологиялар, жаппай компьютерлендіру бір жағынан, біле білсек осы уақыттың өзінде көлік түрлеріндегі мемлекеттік нөмірлердің латын әліпбиінде берілуі, жеке куәліктегі идентификациялық кодтардың латын әліпбиінде жазылуы Қазақстанның латын әліпбиіне көшудегі алғашқы қадымды бастағанын көрсетеді. Ал *Егемен Қазақстан* сияқты ұлттық газеттің латын әліпбиінде жазылған нұсқасының болуы аталмыш шешімнің саналы және жоспарлы түрде қолға алынғандығының дәлелі іспеттес.

Әлемде шашырап қоныстанған қазақ диаспорасы мен Қазақстанның қолданысындағы әліпбидің бір-бірлеріне ұқсамауы, Моңғолия қазақтарының кириллица, Қытай, Иран, Ауғанстандағы қазақтарының арап; Түркия, Европа елдеріндегі қазақтардың латын әліпбиін қолданулары әліпби мәселесінің күрделі екендігін көрсетеді. Онымен қоса кезінде қазақ даласына жер аударылған неміс, азербайжан, шешен, кәріс, украин, ұйғыр, Қырым татарлары мен орыс сияқты түрлі ұлт пен ұлыстардың айтарлықтай тығыз орналасуы әліпби мәселесіне басқа бір қырынан қарауға мәжбүр етуде. Жаңа латын әліпбиіне өткеннен кейін орыс, украин сияқты славян текті ұлт пен ұлыстар үйреншікті кирилл әліпбиінде қалатындықтары белгілі. Қазақстан дүние жүзінде тарыдай шашылып жүрген қазақтардың отаны екендігін де естен шығармауымыз абзал.

Латын әліпбиін қолдану тұрғысында 1928 ж. бері тәжірибе жинақтаған Түркияның жүріп өткен жолы, осы елде атқарылған әртүрлі бағыт пен саладағы істерге барлау жасау - құптарлық іс болмақ. Сонымен қатар кирилл әліпбиінен латын әліпбиіне жақында өткен Түркіменстан, Өзбекстан мен Азербайжан сияқты елдердің іс-тәжірибелері де ұдайы назарда болса құба-құп. Аталмыш елдердің ресми қолданысқа енгізген латын әліпбилерінің кейбір кемшілік яки қателіктерін ескере жүргеніміз, елге естіртіп, құлағдар етіп отыруымыз

²Ширин Усер, Хатиже. *Başlangıçtan Günümüze Türk Yazı Sistemleri (бастапқы уақыттан осы дәуірге дейінгі түркі жазу-сызу жүйелері)*, Акчаг жарияланым, Анкара - 2006.б.408.

маңызды істің қатарынан орын алмақ. Қазақстан латын әліпбиіне өтуі арқылы Түркия, Азербайжан, Солтүстік Кипр Түрік Республикасы, Түркіменстан және Өзбекстан сынды түркі елдері құрайтын жалпытүркілік мәдени-гуманитарлық салаға алғашқы қадам басатындығын да есте ұстауымыз абзал. Мұндай мәдени үрдіс уақыт өте келе барлық түркі елдері халықтары түсінісе, сөйлесе беретін «түрік эсперантосының» тууына да түрткі болуы мүмкін. Бұл тұрғыда кезінде «Тілде, істе және пікірде - бірлік» деп ұран тастаған Исмаил Гаспринскидің аталы сөзін еске түсірсек құба-құп.

Латын әліпбиіне өту Қазақстанның әлемдік ақпараттық кеңістікке енуін жеңілдетіп, тұрмыс пен әлеуметтік өмірді компьютерлендіру сияқты келелі мәселелерді жүйелі түрді шешіп отырады. Яғни, бұл, іс-шараның дер кезінде және өзекті екендігін көрсетеді. Мәселенің басқа бір тұсы шетелдіктер Қазақ-станды, қазақ тілін өзінің жеке әліпбиімен, жеке жазу-сызуымен танытын және білетін болады. Бұл шетелдік азаматтарға қазақ тілін үйрету мәселесін шешуде оңды ықпал етеді. Бұл өз кезегінде қазақтың Абай, Шәкәрім, Әуезов, Жансүгіров, Сейфуллин сияқты алып тұлғаларының шығармаларын түпнұсқа тілінде оқып-үйрену мүмкіншілігін арттыра түседі.

Қазақстанның білім берудегі «Үш тұғырлы тіл» - қазақ, орыс және ағылшын тілді оқушыларды тәрбиелеуді нысанаға алу саясаты да осы әліпби төңірегінде тоқайласып, бір-бірімен үндестік табатын болады. Бұл да Елбасы Н.Назарбаевтың үштілділік саясатына қолдау көрсетіп, тіл мен тілдерді үйрету, қолдану сияқты практикалық мәселелер төңірегіне мән беруге оңды ықпал етеді. Басқа бір мәселе «орыс тілді қазақтар» деп аталатын әлеуметтік топтың ықпалын анағұрлым азайтып, егер осындай топ бар болса, өз ана тілін үйренудегі талпыныстарын жандантырып, жаңа бір тыныс ашуларына түрткі болады (Қортабаева, 2017: 294)³.

Қазіргі уақытта кириллицаны 8 славян елімен қоса 4 өзге жұрт өкілдері қолдануда. Ал қазақ елінің латын әліпбиін таңдауы бұл үрдісті азайтып, түркі әлемінің латын әліпбилі негізін одан әрі бекемдей түсіп, аса маңызды және өзекті тұстарымен толықтыра түседі.

Қазақстанның қазіргі уақытта қолданып жүрген кириллицасы зорлық-зомбылықпен келген әліпби екендігін есте ұстай отырып, жаңа үлгідегі латын әліпбиі дербес елдің еркімен қабылдаған жаңа жазу үлгісі екендігін айта кеткеніміз жөн. Бұл қазақ тілінің фонетикасы мен үндестік заңдылықтарына сай келетін бірден-бір әліпби екендігін атап өтсек дейміз.

Қазақстанның жаңа латын әліпбиі қандай болмақ ?

Қазақстанның мәдени және зиялы қауымы арасында жаңа әліпби тұрғысында ауызбіршілік пен ортақ бір пікір қалыптасты деп айта алмаймыз. Осы уақытқа дейінгі уақыт шеңберінде айтылған, ұсынылған ой-толғамдарды сараласақ мынадай бір топтама жасап сұрыптауға болады:

- дүниежүзінде арап тектес әліпбидің артықшылығын дәріптеушілер Ахмет Байтұрсынұлының төте жазуын ұсынады;
- өскелең ұрпаққа Кеңес дәуірінен мирас қалған мәдени – рухани байлық жат болып қалады деп уайымдаушылар және осы кезеңдегі қол жеткізген гуманитарлық байлықты дәріптеушілер - кириллицаны жақтауда;
- технологиялық үдеріс пен заман талабына лайық деп есептеушілер латын тектес әліпбиді жақтап отыр;
- шағын топ көне түркі – руна жазба ескерткіші негізіндегі Руникалық әліпбиді жақтап, қазақ халқының төл әліпбиі болуы қажет екендігін айтуда.

Осы ұсыныстардың ішінде арап әліпбиі туралы тоқталсақ мынадай бір қорытынды жасай аламыз: Ислам діні тек қана арап тектес әліпбиді қолдану қажеттігін міндеттемейді. Арап әліпбиіне өту деген жалпытүркілік

³Қортабаева, Г. Түркі халықтарының латын әліпбиіне өту тәжірибелері, Түркі жазбалары мен мәдениеті күндері шарасы аясында өткізілген *Тамыры терең әліпби: Жалпытүркілік бірегейліктің мызғымас негізі* атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы, 2017. 289-297 б.

мәдени шенберден алшақтап түркі елдерінен алыстай түсу деген сөз (Ержиласун, 2000: 485)⁴. Латын әліпбиіне өту кириллицамен жазылған гуманитарлық байлықтан алсытатады-мыс деген пікір де орынсыз. Себебі орыс тілі Қазақстанда екінші тіл статусын сақтап қала береді. Ал бұл өз кезегінде өскелең ұрпақтың кириллицадан алшақтамайтындығының белгісі. Сонымен қатар оқу – білім беру бағдарламасына «Қазақша кириллицамен», «Қазақ тілі тарихы» атты қосымша пән енгізудің ешқандай қиындығы жоқ.

1991 ж. Түркиядағы Мармара Университеті жанындағы Түркітану Зерттеулері Институты ұйымдас-тырған Халықаралық Түркітану Симпозиумында 34 қаріптен тұратын «Ортақ Түркі Әліпбиі» қабыл-данғаны белгілі (қар.: Қара, 2009: 1304)⁵. Қазақстаннан келген ғылыми делегация да осы қарарға қол қойып рәсімделуінің куәсі және қатысушысы болған-ды. Қазақ тілі ерекшелігіне әбден үйлесетін осы әліпбиді өндіріске енгізсе құба-құп болмақ. Алайда тілші-ғалымдардың ой-елегі мен мұқият сынынан өткен бұл әліпби сол күйі ұсыныс ретінде қалып қойды. Бұл да өз кезегінде істің практикалық қолданыс пен ғылымилығына қарағанда саяси астардың басым болатындығына мысал болды (қар.: Демир-Иылмаз, 2014: 60)⁶. Ортақ түркі әліпбиі саясилар тарапынан қолдау көрмей қолданыс табуы мүмкін болмай-тындығын Түркіменстан мен Өзбекстан мысалынан көре аламыз.

Әлемдік деңгейдегі мәдени, экономикалық, рухани және технологиялық үдеріс қарыштап дамуы әлбетте әліпбиге әсер етуі орынды. Кейбір жағдайда Ортақ Түркі Әліпбиіне байланысты заманауи технологиялық үдеріске ілесе алмайды-мыс деген пікірлер де айтылып қалуда. Қаріп үсті немесе астындағы қосымша таяқшалар немесе сызықша сияқты диграфттар интернеттегі электрондық адрес пен интернет ресурстарды іздеу мақсатындағы жазуды есептемегенде, - ешқандай кемшілігі жоқ. Қазіргі заманның технологиялық мүмкіншіліктерін қаперге алсақ мұндай уәждердің аса мардымсыз екендігін көре аламыз. 80 миллиондай Түркия халқы мен 10 миллиондай азербайжандардың қолданысындағы Ортақ Түркі Әліпбиіне Қазақстанның да қатысуы аса маңызды іс-шаралардың қатарынан орын алып, өзектілігі мен маңыздылығын одан әрі дәлелдей бермек.

Қазақстанда ұсынылған қазақ латын әліпбиі туралы

Соңғы уақыттарда Қазақстанның баспасөздері мен теледидар, әлеуметтік желілілерінде жаңа қазақ латын әліпбиі туралы сан алуан пікірлер мен ұсыныстар айтылуда. Қайсыбір топ ағылшын алфавитін механикалық түрде қазақшаға аудару салуды ұсынса қайсыбір топ жаңа латын әліпбиін түзу керектігін айтуда. Кезінде, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл Білім Институты сияқты ғылыми мекемелер 1991 ж. Түркияда өзара келісіммен қабылданған Ортақ Түркі Әліпбиі нұсқасын қолдағанын білеміз (қар.: Шахин, 2002: 64)⁷. Түркияда қолданыста жүрген 5 қосымшалы қаріпті сол күйі өндіріске енгізу туралы келісіліп, қазақ тілінің дыбыстық ерекшелігіне толығымен сәйкес келетіндігі аталып өтілген-ді.

Енді ағылшынша алфавиттің қазақ тіліне жақын, жақын еместігі туралы айтар болсақ, қандай да бір ұқсастық немесе жақындығы туралы сөз қозғаудың өзі артық. Екі тіл үш қайнаса сорпасы қосылмайтын ерекшектерге ие; ағылшыншадағы қос немесе үштік дауыссыздардың қосарлана, мінгесе келуі қазақ тіліне жат, - тек қана ағылшын тілінің тарихилығы мен фонетикасына байланысты екендігін айдан анық. Екіншіден, қазақ латын әліпбиін жаңадан ойлап тапқанда не өзгеруі мүмкін, қазақ тіліне қандай пайда әкеле алады? Түркі

⁴Ержиласун, Ахмет Бижан. “*Kazakçanın Lâtin Alfabesiyle Yazılması Konusunda (Қазақ тілі жазуы - латын әліпбиі негізінде) Düşünceler*”, Түркі әлемі тіл мен әдебиеті журналы, № 10. б. 482-486. Анкара, 2000.

⁵Қара, Мехмет. “*Türk Cumhuriyetleri ve Otuz Dört Harfli Ortak Lâtin Alfabesi*” (Түркі елдері және 34 қаріптік әліпби), Turkish Studies №4/3: 1301-1310. – Анкара, 2009.

⁶Демир, Нуреттин; Иылмаз, Емине. *Bitmeyen Öykü: Alfabe Tartışmaları -Rapor-(Ұзаққа созылған пікірталас: қаріп мәселесі)*. Қожа Ахмет Иассауи Халықаралық Қазақ-Түрік Университеті жарияланымдары. – Анкара, 2014.

⁷Шахин, Ердал. “*Türk Cumhuriyetlerinde Lâtin Alfabesine Geçiş Çalışmaları ve Sonuçları*” (Түркі республикаларында латын әліпбиіне өту іс-шаралары мен нәтижелері), Түркі Республикаларының тәуелсіздіктеріне 10 жыл. SOTA жарияланымдары, Хаарлем, Голландия – 2002. б. 63-70.

елдері бірдей болмаса да өзара ұқсас әліпбиді қолданып жүргенде Қазақстанның жаңа бір әліпби жасауы түркі әлеміне теріс ықпал ететіндігін қаперде ұстауымыз және ұмытпауымыз керек.

11 қыркүйек, 2017 ж. “Qazaq Älipbiyniñ Jañä Nusqası Usınıldı” «Қазақ әліпбиінің жаңа тұсқасы ұсынылды» деген хабарламамен жаңа жобасы көпшікке таныстырылып, 25 қаріптен тұратындығы хабарланды. Қазақстандағы алғашқы латын әліпбиі нұсқасы мынадай еді (1-ші сурет):

Проект единого стандарта алфавита государственного языка НА латинской графике					
№	Написание	Звук	№	Написание	Звук
1	A a	[a]	18	R r	[p]
2	B b	[b]	19	S s	[c]
3	C c	[u]	20	T t	[r]
4	D d	[d]	21	U u	[y]
5	E e	[e]	22	V v	[v]
6	F f	[f]	23	W w	Согласный губной звук [y]
7	G g	[r]	24	Y y	[ь]
8	H h	[x], [h]	25	Z z	[z]
9	I i	[i], [u]	1	Ae ae	[ə]
10	J j	[j]	2	Oe oe	[ø]
11	K k	[k]	3	Ue ue	[y]
12	L l	[l]	4	Ch ch	[tʃ]
13	M m	[m]	5	Gh gh	[ʒ]
14	N n	[n]	6	Sh sh	[ʃ]
15	O o	[o]	7	Zh zh	[ʒ]
16	P p	[p]	8	Ng ng	[ŋ], [ŋʲ]
17	Q q	[k]			

Негізінен, идеал түрдегі әліпби әрбір дыбысқа бір таңда жүйесіндегі фонетикалық әліпби екендігі белгілі. Мұндай әліпбидің артықшылығы оның үйрену жағынан оңайлығы және қарапайымдылығы. Ал жоғарыдағы нұсқа сырт көзге қарағанда 25 қаріп болып көрінгенімен қазақ тіліндегі ерекше дыбыстарды қосақтағаннан кейін 25 таңбадан асатындығы белгілі.

Жоба ретінде ұсынылған бұл әліпби «ә» дыбысын «ae» арқылы, «у» дыбысын «ue» арқылы, ал «ғ» дыбысын «gh», «ч» дыбысын «ch», «ш» дыбысын «sh» арқылы бергенін байқаймыз. Мұндай қосарланған таңбалар визуальдық ала-құлалық әкелуімен қатар, оқуға/айтуға да ыңғайсыз болмақ. Әрбір дыбыс жеке таңбамен берілгені дұрыс. Орыс тілі негізінде айтылып, қолданылып жүрген «щ», «ц» сияқты қосар-ланған дауыссыз дыбыстармен қоса «ю», «я», «е» және «э» сияқты таңбаларды алып тастағанның өзінде қазіргі кириллицаның өзі бұл жобадан әлдеқайда артық тұрып, әрбір дыбысқа жеке таңба принципін сақтап тұр; қараңыз, Ержиласун, аталған еңбек: 485 б. Осымен қатар қазақ тіліне тән «ұ», «ө», «ү», «і», «у» сияқты дауысты дыбыстарды жазуда мәселе одан әрі көбейе түспесе азаймайтындығы анық. Қазіргі және осы орайдағы пікірталас пен ұсыныстарды ескерсек, жоғарғы технология мен компьютерді желеу етіп *клавиатураны тілге емес тілді клавиатураға сәйкестендіру* пікірі басымдық байқатып тұр.

Осы жоба қалың жұртшылық тапынан ресми бекітілген немесе бекітілетін нұсқа ретінде танылып жаңсақ іс-әрекеттердің бастамасы да болып қалды; мысалы Алматыдағы Төле би мен Достық даңғылы қиылысында орналасқан дәмхана өзінің жарнама баннерінде «сәбіз» деген сөзді «Saebiz» түрінде жазып елді біраз дүрліктіргені де бар. Ал бұған ресми органдардың өз атауларын/хабарламаларын осы түрде жазып беруін қаперге алсақ ықтимал қателіктің қауіпті екендігін көре аламыз.

А.Байтұрсынов атындағы Тіл Білімі Институты директоры профессор Е.З.Қажыбек мырзаның осы мәселеге байланысты интервью бергенінде жаңа латын әліпбиі жобаның ұзын саны 500-ге жетіп, 300-ге жуығы ел басшылығына ұсыныс ретінде берілгендігін, ал Тіл Білімі Институтының 20 жылдан астам уақыттан бері осы мәселенің қыр-сырын зерттеп келе жатқандығын атап өтті.


Осы уақытқа дейін ғылыми мекемелер тарапынан мақұлданып және қазақ дыбыстық жүйесіне айтарлықтай жақындығын көрсеткен жоба А.Байтұрсынов атындағы Тіл Білімі Институты тарапынан дайындалғандығын білеміз. Бұл жоба жоғарыда атап өткен Ортақ Түркі Әліпбиіне айтарлықтай ұқсастық көрсетеді (2-ші сурет):

Тіл білімі институтының жобасы

Aa Aa	Li Лл	Ff Фф
Ää Әә	Mm Мм	Hh Хх
Bb Бб	Nn Нн	Şş Шш
Vv Bb	η η	Cc Чч
Gg Гг	Oo Oo	It Ыы
Ğğ Ff	Öö Əə	İi İi
Dd Дд	Pp Пп	
Ee Ee	Rr Pp	
Jj Жж	Ss Cc	
Zz Зз	Tt Tt	
Yy Йй	Ww Уу	
Kk Кк	Uu Ұұ	
Qq Ққ	Üü Үү	

Ортақ Түркі Әліпбиін қаперге алған жаңа қазақ латын әліпбиінің жылдам өзгеріп келе жатқан заманымыздың сұранысына жауап бере алатындығына, 200 миллионға жуық түркі әлемін бір-бірімен жақындастыра түсетіндігіне сеніміміз мол.

Қазақстанның соңғы уақыттарда ұсынылған «апострофты» деп аталып кеткен жаңа қазақ латын әліпбиінің үлгісі (3-ші сурет):



**КАЗАХСКИЙ АЛФАВИТ
НА ЛАТИНИЦЕ**

№	Написание	Звук	№	Написание	Звук
1	A a	[a]	17	N' n'	[n], [n']
2	A' a'	[ə]	18	O o	[o]
3	B b	[b]	19	O' o'	[o]
4	D d	[d]	20	P p	[p]
5	E e	[e]	21	Q q	[k]
6	F f	[f]	22	R r	[r]
7	G g	[r]	23	S s	[c]
8	G' g'	[r]	24	S' s'	[m]
9	H h	[x], [h]	25	C' c'	[ч]
10	I i	[i]	26	T t	[t]
11	I' i'	[u], [ü]	27	U u	[y]
12	J j	[ж]	28	U' u'	[y]
13	K k	[k]	29	V v	[v]
14	L l	[l]	30	Y y	[ы]
15	M m	[m]	31	Y' y'	[y]
16	N n	[n]	32	Z z	[z]

Кестеден байқағанымыздай апостроф деп аталатын үтір белгісі қаріптің оң жақ жоғарғы тұсында жазылғандығы көрінеді. Басқаша айтқанда дауысты дыбыстың жуан-жіңішкелігі осы таңбаға байланысты болмақ. Бұл әліпбиден ағылшын тіліне негізделген компьютер клавиатурасының көшірмесін көруге болады. Осыған қарама – қайшы келетін кириллицадағы (i, y, iy) ve y (w, uw, üw) дыбыстары жаңа латын әліпбиінде бір тек қаріппен берілуі аталмыш әліпби кемшілігінің тек қана бір қыры екендігін көрсетеді. Бұл кемшіліктің алдағы уақыттарда одан әрі күшейе түсетіндігі де бар. Осы қаріп авторларының негізгі уәжі «бұл алфавит қазаққа ғана тән» екен-міс. Егер осы әліпби өндіріске еніп, қазақ тілі осы әліпбимен кетер болса, Қазақстан

мен қазақ тілі түркі әлемінен алыстай түсіп, онымен қоса жазу-сызу мен тіл үйретуде проблемалар тосып тұрғандығына, өкінішке орай, сене беруімізге болады. Енді пікірімізді шағын мысалдармен жабдықтасақ:

«Апастрофты» әліпби: **A'r sa'rsenbi sai'yn g'ana syrtka s'yg'y'laryn'yzg'a bolady.**

Қазіргі кириллица: **Әр сәрсенбі сайын ғана сыртқа шығуларыңызға болады.**

«Апастрофты» латын әліпбиін оқи сала визуалды түріндегі «ала-құлалығы» мен есте сақтау «қабілеттілігі» қандай дәрежеде ауыр екендігін көруге болады.

27 қазан 2017 ж. *Егемен Қазақстан* газетінде “Latin Qarpine Köşüwdiñ Mañızdılıǵına Nazar Awdarıldı” атты хабарламада Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтің «апастрофты» жаңа қазақ латын әліпбиіне ресми түрде көшуіне байланысты Шешімі туралы хабарлама берілді. Осы Шешімге қарасақ латын әліпбиін өндіріске енгізу уақыты 2025 ж. дейін деп көрсетілген. Қазақ елі жаңа қазақ латын әліпбиін қабылдау арқылы орыс тілі мен орыс мәдени шеңберінен шығу үдерісін жеделдете түсетіндігі анық. Алайда «қазақи» деп танылуы мүмкін «апастрофты» жаңа әліпбиі Озбекстан мен Түркіменстанның «Түркия алфавитіне ұқсамайтын бөлек әліппе жасаймыз» дегенге саятын қателіктерін қайталауы мүмкін екендігін өкінішпен атап өткіміз келеді.

Қорытынды

Қазақ халқы және қазақ тілінің соңғы жүз жылдық тарихына қарағанымызда қазақ жазу-сызуының арап, латын, кириллица және қайтадан латын болып өзгергенін байқаймыз. Бұл әрине мәдениет пен гуманитарлық саланы аса күрделі жағдайға қалдырғаны мәлім. Ал енді араға біршама уақыт салып қайта-дан латын әліпбиіне өту шешімінің қабылдануы жалпытүркілік өркениет тұрғысынан аса жағымды хабар екендігі анық. Кеңес дәуірі кезеңінде дүниеге келген Орта Азия түркі республикаларының кириллицаға негізделген ұлттық әліпбилерінің пайда болуының астары белгілі, – ол, - сол дәуір ортақ түркі латын әліпбиін жойып, түркі халықтарын бір-бірінен ең болмағанда осы тұрғыда алшақтату еді. Сондықтан 1926-1938 жылдары арасында іс жүзінде қолданыс тауып тәжірибе жинақтап қалған латын әліпбиін кенеттен ауыстырудың саяси астары басым еді. Бұл үрдіс өзінің жағымсыз әсерін қалдырмай қоймады. Қазіргі күндегі кириллица болсын, енді міне жаңа латын әліпбиінде болсын ортақ унификация мәселесін қолға алудың жасанды кедергісін көріп отырмыз. Мұның түп төркіні сонау Кеңес дәуірінен бастау алып, осы уақытқа дейін жалғасып, өзінің жағымсыз өміршендігін сақтап қалуда. 26 қазан, 2017 ж. Қазақстанда «апастрофты» деп аталып кеткен жаңа қазақ әліпбиінің ресми варианты баспасөз арқылы таныстырылды. Егер осы әліпби қолданысқа ресми түрде еніп кетсе Қазақстанның түркі елдерінен біршама алыстай түсетіндігі қаупі күн тәртібінде тұратын болады. Сонымен қатар аталмыш жобалық әліпбидің кемшілігі әліпби үйрету барысында көрініп қалуы әбден мүмкін. Ал уақыт өте келе қарапайым халықтың өзі қарсы шығып, қазақ тілінің жалпытүркілік ерекшелігіне жақындық көрсететін Түркі Елдерінің Ортақ 34 қаріптік әліпбидің қайтадан қолға алынатындығына күн тәртібіне әкелуі мүмкін. Байқағанымыздай, жаңа әліпби таңдалу сатысы барысында қазақ тілінің дыбыстық, орфоэпиялық, орфографиялық ережелеріне қарағанда саяси шешімнің әлдеқайда ауырлау болғандығы қылаң беріп қалды. Уақыт өте келе Қазақ елі апастрофты латын әліпбиінің орнына 34 қаріптік *Ортақ Түркі Әліпбиін* таңдап жатса, аталмыш «қазақи-түркілік» 34 қаріптік әліпби Қырғыз елін өзіне тарта түсетіндігіне сеніміміз мол.

Сілтеме жасалған әдебиеттер тізімі:

1. Demir, Nurettin; Yılmaz, Emine (2014), *Bitmeyen Öykü: Alfabe Tartışmaları -Rapor-(Ұзақ жасайтын пікірталас: қаріп пікірталасы)*, Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi Yayınları, Ankara.
2. Ercilasun, Ahmet Bican (2000), “Kazakçanın Lâtin Alfabetiyle Yazılması Konusunda (Қазақ тілінің латын әліпбиіне шолу) Düşünceler”, *Türk Dünyası Dil ve Edebiyat Dergisi*, S. 10: 482-486.
3. Kara, Mehmet (2009), “Türk Cumhuriyetleri ve Otuz Dört Harfli Ortak Lâtin Alfabeti” (*Түркі елдері және 34 қаріптік әліпби*), *Turkish Studies* 4/3: 1301-1310.

4. Kortabayeva, G. (2017), “Türk Dilli Halkların Lâtin Alfabetine Geçiş Tecrübesi” – (Түркі халқтарының латын әліпбиіне өту тәжірибелері), *Türki Jazbalari men Mâdeniyeti Künderi Şarasi Ayasında Ötkizilgen Tamiri Tereñ Älipbiy: Jalpi Türkilik Biregeyliktiñ Mızgımas Negizi Halıqaralıq Ğilmiy-Praktikalik Konferentsiyası Materiyaldarı*, Almatı: 289-297.

5. Şahin, Erdal (2002), “Türk Cumhuriyetlerinde Lâtin Alfabetine Geçiş Çalışmaları ve Sonuçları” (Түркі республикаларында латын әліпбиіне өту жұмыстары және нәтижелері), *Bağımsızlıklarının 10. Yılında Türk Cumhuriyetleri*, SOTA Yayınları, Haarlem-Hollanda: 63-70.

6. Şirin User, Hatice (2006), *Başlangıçtan Günümüze Türk Yazı Sistemleri* (бастапқы уақыттан осы дәуірге дейінгі түркі жазу-сызу жүйелері), *Ақсағ Yayınları*, Ankara.

7. Tekin, Talat (1997), *Tarih Boyunca Türkçenin Yazımı* (Тарих беттерінде түркі таңбасы), *Simurg Yayınları*, Ankara.

Интернет дереккөздері:

9. <https://pdf.egemen.kz/pdfs/2017/04/12042017-web.pdf> (сілтеме жасалған датасы: 20.09.2017).

10. <https://kaz.tengrinews.kz/conference/69/> (сілтеме жасалған уақыты: 29.10.2017)

11. <https://pdf.egemen.kz/pdfs/2017/10/27102017-web1.pdf> (сілтеме жасалған уақыты: 29.10.2017).

ӘОЖ 655.26

ҒТАМР 18.31.41

Д.С.Болысбаев¹, А.Сәрсен², М.Мамешов³, Ж.Жайық⁴

¹философия ғылымдарының кандидаты, доцент,

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

^{2,3,4}магистрант, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

Шымкент, Қазақстан

ГРАФИКАЛЫҚ ДИЗАЙН САЛАСЫНДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ЫҚПАЛЫ МЕН БАЙЛАНЫСЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада графикалық дизайн саласының ақпараттық технологияға ықпалы талданады. Біздің заманымыздағы графикалық дизайнның рөлі және оның ерекшеліктері сипатталады. Сонымен қатар, графикалық дизайн саласының дамуы, ақпараттық технологиямен байланысы қарастыра отырып, ғылым мен тәжірибеде ақпараттық технологияны оқыту үдерісіне енгізу келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын психологиялық, педагогикалық жағдай жасау үшін тигізер пайдасы жайлы айтылған.

Қазіргі таңда дизайн жаппай өндірістің, жаппай тұтыныстың, нарықтың және адамның өмір сүру ортасының мәдениеті мен эстетикасын құрайтын феномен болып табылады. Осы үрдістегі айрықша рөл графикалық-дизайншылардың еншісінде. Графикалық дизайн оның жаппай тұтынуға бағытталғанын сипаттайтын барынша жоғары табыс табу мақсатында өндіріс пен сауданың көптеген салаларында белсенді қызмет етуде және кезде графикалық дизайнның тәжірибесі осыдан бұрынғы он жылдыққа қарағанда жарнамалық дизайншының іс-әрекеттері жайлы қарастырылған. Графикалық дизайнның негізі ретінде оның күрделі қызметін түсіну, өзінің орналасуын қамтамасыз ете отырып, қазіргі заманғы полиграфиялық жабдықтар, инновациялық графикалық бағдарламаларды мен оны жоғары сапалы жарнамалық өнім ретінде пайдалану қызметтері көрсетіледі.

Түйін сөздер: графикалық дизайн, ақпарат, технология, инновация, ақпараттық коммуникация, плакат, афиша, полиграфия.

Аннотация

Болысбаев Д.С.¹, Сарсен А.², Мамешов М.³, Жайық Ж.⁴

¹кандидат философских наук, доцент,

Южно-Казахстанский Государственный университет им. М.Ауезова

^{2,3,4}магистрант, Южно-Казахстанский Государственный университет им. М.Ауезова

Шымкент, Казахстан

ИНФОРМАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ ИХ ВЛИЯНИЕ И СВЯЗЬ В СФЕРЕ ГРАФИЧЕСКОГО ДИЗАЙНА

В этой статье анализируется влияние графического дизайна на информационные технологии. Охарактеризована роль графического дизайна в наше время и его особенности. Кроме того, учитывая развитие индустрии графического дизайна и ее связь с информационными технологиями, внедрение науки и техники в преподавание информационных технологий с точки зрения прибыли для создания психолого-педагогических условий, ведущих к комплексному обучению будущих поколений.

В настоящее время дизайн – это феномен, который представляет собой культуру и эстетику массового производства, массового потребления, рынка и среды обитания человека. Исключительная роль в этом процессе заключается в графических дизайнерах. Графический дизайн был активным во многих областях производства и торговли, чтобы максимизировать свой доходный подход к массовому потреблению, а практика графического дизайна призвана помочь дизайнеру рекламы иметь дело с прошлым десятилетием. Основой графического дизайна является понимание его сложного сервиса, обеспечение его местоположения, современного печатного оборудования, инновационных графических программ и его использование в качестве высококачественного рекламного продукта.

Ключевые слова: графический дизайн, информация, технологии, инновации, информационные коммуникации, плакат, афиша, полиграфия.

Abstract

D.S.Bolysbaev¹, A. Sarsen², M. Mameshov³, J. Jayik⁴

¹candidate of philosophy sciences, docent

^{2,3,4}master student

^{1,2,3,4}M. Auezov south Kazakhstan state university

Shymkent, Kazakhstan

INFORMATION TECHNOLOGIES THEIR INFLUENCE AND COMMUNICATION IN THE SPHERE OF GRAPHIC DESIGN

This article analyzes the impact of graphic design on information technology. The role of graphic design in our time and its features are characterized. In addition, considering the development of the graphic design industry and its connection with information technology, the introduction of science and technology into the teaching of information technology in terms of profits for the creation of psychological and pedagogical conditions leading to the comprehensive education of future generations, business and talent, creativity, free development. said.

At present, design is a phenomenon that constitutes a culture and aesthetics of mass production, mass consumption, market and human habitat. The exclusive role in this process lies in graphic designers. Graphic design has been active in many areas of production and trade to maximize its revenue-driven approach to mass consumption, and the practice of graphic design is designed to help the advertising designer to deal with the past decade. The basis of graphic design is its understanding of its sophisticated service, providing its location, modern printing equipment, innovative graphics programs and its use as a high-quality advertising product.

Keywords: graphics design, information, technology, innovation, information communications, poster, billboard, printing.

Әлемді қамтыған жаһандану дәуірінің дамуына елеулі ықпал етіп отырған қоғамның барлық салаларын ақпараттандыру үдерісі қарқынды түрде іске асырылуда. Осы орасан зор әлемдік құбылыс біздің еліміздің дамуы бағытына айтарлықтай әсер етуде. ХХІ ғасырдың жаңа ақпараттық технологиялар ғасыры деп аталуы адамзат өркениетінің дамуының келесі сатысына енгендігін білдіреді. Дүниежүзілік көлемде өгіп жатқан техникалық прогрестің кезекті даму тармағына сай болу экономикалық дамудың жаңа жағдаятына бейімделуді көздейтін кез келген елдің басты мақсатына айналмақ. Демек, осы ұлы көштен өз орынын табу біздің еліміздің де басты мүдделерінің бірі болмақ. Осындай ауқымды да маңызды қызметті іске асырудың жолдарын анықтайтын құзыретті мемлекеттік органдар мен қоғамдық институттардың міндеттері болып табылады. Жаһандану дәуірінің талаптарына сай даму саясатын жүргізе отырып, ұлттық мүддемізге лайықты сара жол табуымыз қажет. Заманауи озық ақпараттық технологияларды тиімді қолдану арқылы қоғам салаларын ойдағыдай дамытудың бірден-бір кепілі - оларды жетік меңгерген мамандардың болуы. Бұндай мемлекеттік маңызы бар мәселені шешу қоғамдық институттың бірі болып саналатын кәсіби білім беру саласына жүктеліп отыр [1].

Егеменді еліміздің тірегі – білімді ұрпақ. ХХІ ғасыр- білімділер ғасыры болмақ. Жаңа кезеңге бет бұру оңай емес. Қазіргі кезде біздің қоғамымыз дамудың жаңа кезеңіне көшіп келеді, бұл кезең ақпарат-тық кезең, яғни компьютерлік техника мен оған байланысты барлық ақпараттық коммуникациялық технологиялар педагогтар қызметінің барлық салаларына кірігіп, оның табиғи ортасына айналып отыр. Болашақ мамандарға ақпараттық білім негіздерін беру, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу іс-әрекетін жүзеге асыру. Педагогикалық үдерістің тиімділігін арттыруға, студенттердің білім, білік, дағды сапаларының жақсаруына септігін тигізетін ақпараттық технологияның түрлері көп ықпал етеді. Дизайн саласына қажет мамандарды даярлығын қалыптастыруға бағытталған компьютерлік технологияларды қолданудың бірізді жүйесі болып табылады. Болашақ маманды даярлауға қажетті заманауи оқыту техно-логиясының ең бастысы компьютерлік технологиялар деп пайымдаймыз. Себебі заманауи компьютер-лердің мүмкіншіліктері жоғарыда аталған ақпараттық технологиялардың басым көпшілігін қамтиды және оларды қолданудағы ең басты буын болып табылады.

Адамзат қоғамының дамуына сай ақпаратты тарату тәсілдері де дамиды. Ең бірінші ақпаратты ауызша тарату, содан кейін жазбаша тарату, кейінде техникалық құралдар арқылы тарату пайда болды. Ақпарат қорының ұлғаюына байланысты ақпаратты сақтау, өңдеу және тасымалдау тәсілдері қолданыла басталды. Ақпарат білім көзі болып табылатындықтан, білім беру жүйесінде ақпараттық оқыту техно-логиялары пайда болды. Өткен ғасырдағы техникалық прогрестің дамуы салдарынан компьютердің пайда болуына байланысты ақпараттық технологиялар адамзат қоғамының барлық салаларында қолданысқа ие болды. Ақпаратты компьютердің көмегімен өңдеу мен тарату тәсілі ретінде ақпараттық компьютерлік технологиялар пайда болды.

Қазіргі ақпараттандыру дәуірі оқу үдерісінде ақпараттық технология мүмкіндіктерін кең көлемде қолдануды қажет етеді. «Білім беру жүйесін ақпараттандыру - кәсіби даярлаудағы берілетін білім сапасын

көтеруді жүзеге асыруға бағытталған үдеріс, еліміздің ұлттық білім жүйесінің барлық түрлерінде қазіргі технологияларды тиімді ақпараттық технологияларға алмастыру, оларды сүйемелдеу және дамыту, нақты жүзеге асыру шаралары» болып табылады. Әлемдік ғылым мен тәжірибеде ақпараттық технологияны оқыту үдерісіне енгізу келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын психологиялық, педагогикалық жағдай жасау үшін тигізер пайдасы зор.

XX ғасырда дизайн жаппай өндірістің, жаппай тұтыныстың, нарықтың және адамның өмір сүру ортасының мәдениеті мен эстетикасын құрайтын феномен болып табылады. Осы үрдістегі айрықша роль графикалық-дизайншылардың еншісінде. Графикалық дизайн оның жаппай тұтынуға бағытталғанын сипаттайтын барынша жоғары табыс табу мақсатында өндіріс пен сауданың көптеген салаларында бел-сенді қызмет етеді. Қазіргі кезде графикалық дизайнның тәжірибесі осыдан бұрынғы он жылдыққа қарағанда жарнамадан көзге ұрады. Бүгінде жарнамалық дизайн дизайншының араласуынсыз мүмкін емес.

Біздің қазіргі заманымызда графикалық дизайн рөлі тұтастай әртүрлі ақпараттық құралдарға бағына отырып аса жоғары мәнге ие болды. Графикалық дизайн көркем өнердің жетістіктеріне сүйене отырып, өз құралдарын жаңа, шрифті композициялармен мультипликациялық, компьютерлік нысандармен толығы түсті. Дизайндың бұл түрі ақпаратты көзбен, басқа да көру құралдарымен көріп, түсінуімен байланысты. Бұл қалада және көлік жолдарындағы, сондай ақ, барлық графикалық дизайн деген түсініктерді біріктіретін плакаттар шығару, журнал кітап пен газет өнімдері, тегіс қабырғалар мен ғимараттардың қасбетіне салынған суперграфика, телехабарлардағы графикалық қондырғылар, дүкендер мен көрмелерді көркем-деу, көрнекі үгіт, фирмалық стильдерде қолданылады. Бұл көріністік стильдерде жобалаудағы шешім-дердің сезімдік табиғатын көрсетіп, ойға да қиял ерік беріліп, кейде көркемдеу дизайнында ойнақы әзіл көріністер де байқалып отырады. Онда суретшілер нақты кеңістіктен бөлек бір сәттік немесе ұзақ есте қалатын сезімдік ахуал жасауға тырысады. Қазіргі дизайн оның түрлі сипаттарымен, оның арасында графикалық дизайны ерекше орын алатын сипатында беріледі. Графикалық дизайнның аяғына белсенді тұруы XIX ғасырдың соңында жасалатын нысандардың диапазонының кеңеюімен, олардың үлгілерінің күрделіленуімен, жаңа бейнелік-кескіндеу құралдарының, сомдай әдістеріне байланысты жүрді. Бұрын бұл үрдіс дизайн-жобалаудың ғылыми-техникалық базасының жеткіліксіздігімен тежелі беретін еді.

XIX ғасырда «афиша» терминінің кең қолданылғаны жаппай баспа өнімінің қарқынының өскенін білдіреді. Француздың «affiche» термині ашық жерде ілінген хабарландыру деген ұғымды білдіретін. Бұл кезде кез келген жаппай баспа өнімін сурттеуге пайдаланылды. Графикалық дизайнның аяққа тұруына «плакат» термині де сол «афишамен» қатар жүрді. Кейінгі латын тілінің «placatum» сөзінен шыққан осы термині де хабарландыруды айтып тұр. Ол көрнекті жарнаманың, агитацияның, насихаттау мен нұсқаулықтарға оқытудың құралына айналды.

XX ғасырдың басында бейнелік-кескінді нысан-плакаттың таралуы графикалық дизайнның өзін-өзі танытуына қатты ықпал етті. Плакаттар оларды жалпы қызықтап, тамашалауға арналып, полиграфиялық тәсілмен көбейтіледі. Бұл плакаттың арзандығына байланысты оны тым тартымды ете түсті. Ол жаппай көрерменнің эмоциясына әсер ете де білді. Плакат кең тарала беріп, көптеген суретшілер жай, мән бермей кете алмайтын жаппай өнердің ерекше түріне айналды. 1923 жылы Б.Земанков «афиша-плакат» ұғымының қатынасын арнайы мақалада: «Афиша тек хабарландырады. Оның бейнелеу мүмкіншілігі шрифтіңде ғана. Плакат болса, көрсете алады, оның сендіру қабілеті жоғары» деді [2].

Графикалық дизайн түрлерін қалыптастыру мақсатына келсек, біз оны көркем кескіндеменің пайда болуымен тығыз байланысты екенін атап өткеніміз жөн. Осындай графикалық дизайнды қалыптастыру тұрғысында, графикалық бейнелерді адамдар өздері сақтықпен көрсетуге кез келген әрекеттер жасауға, және белгілі бір бағытталған эмоциялардың пайда болуын қарастырды. Графика тиімді түрде ұрандарды қарапайым тілмен қалыпты жағдайда көрсетуге тырысты. Уақыт арнасымен оларды алмастыру үшін плакат - постерлер, яғни өзін-өзі жабыстырылатын синтетикалық материал – винилден жасалатын түр. Соңғы кезде

винильді плакаттар транспорттық құралдардың жоғарғы жағында орналасатын кермелер үшін қолданыла басталды. Қазір сыртқы жағында бірнеше жарнамалық хабарламаларды жапсырып алған автобустар, троллейбустар, трамвайлар үйреншікті құбылыс ретінде кірігіп кетті.

Біздің елімізде графикалық дизайнның аяққа тұруы, ең алдымен, суретшілердің плакат саласындағы кәсіби шығармашылығына байланысты болды. Графикалық дизайнның көптеген технологиясы плакаттан «шықты» десе де болады. Плакаттың міндеттің бағытын ескерген бейнелеу құралдарының (плакат-жазық, жарнамалық плакат, нұсқаушылық плакат, т.б.) жинақталуы мен ұлғаюы орын алды. Бейнелеу құрал-дарының санқилылығын плакатта көрсетуге болады деп есептелді. Осы кезде «афиша» терминінің бейнелеу қасиеті тек шрифтпен көрсетілетін қарапайым хабарландырумен байланысты қарастырыла бастаған-ы кездейсоқ емес.

1920 жылдың басында «полиграфия», «жарнамалық графика», «индустриалдық графика», «жаппай графика», «қолданбалы графика» деген сияқты терминде ене бастады. Олардың барлығы декоративтік және утилитарлық міндеттерді атқаратын тұрмыстың көркем бұйымдарына қатысы бар. Олардың пайда болуы кестелік дизайн бұйымдарын жасаудың шынайы тәжірибесін ғана емес, жобалау қызметінің шынайы үрдісі онсыз алға жылжу мүмкін емес, теоретикалық сомдау бұйымына айналғанын көрсетеді. Графикалық дизайнның ресми туған күні 1964 жылы Цюрихте өткізілген ICOGRADA (графика дизайны ұйымының халықаралық қоғамы) қоғамының алғашқы конгресімен белгіленді. Онда графика-лық дизайншысы кәсібінің ерекшеліктері, оның басқа дизайн мамандықтарының арасындағы алатын орыны талқыланды. Кәсіп мәртебесінің және оның міндеттерінің анықталуы графикалық дизайнның дамуына зор үлес қосады. Аяққа тұру кезеңінің біршама ұзаққа созылуына қарамастан, графикалық дизайн 1964 жылы қоғамның мәдени, қоғамдық-экономикалық салаларында белгілі бағытта өз орнын иелене бастады. Бүгінгі күні ол ақпараттық қоғамның басты коммуникативтік құралы. Демек, нарықтық қарым-қатынас кезінде қалыптасқан графикалық дизайн жарнамалық бизнестің арқасында дизайнның өзге түрлерінің арасынан топ жарып шықты. Бүгінде жарнамалық бизнес дизайншының қатысуынсыз еш мүмкін емес. Жаппай өндірістің есепшіл сұранысын қанағаттандыру құралы ретінде туған кесте дизайны әлеуметтік-мәдени құбылысқа айналып барады [3].

Графикалық жарнамалық мысалдар арасында ортақ ескерту белгілерін еске алады, талапты ақпарат-тарды барынша аз уақыт кезеңі ішінде пайдалануға болады. Қазіргі заманғы графикалық дизайнның қысқаша тарихын қарау, замануи дизайндағы адамның жеке түрде қызмет ретінде жобалауына және біртіндеп пайда болу мен дамуын көрсетуге мүмкіндік береді. Графикалық бейнелер техникалық сызу, геометрия, өнер сияқты аралас салаларға байланысты пайда болды. Жеке секторлардың біртіндеп жақса-руына байланысты, нысанда графикалық дизайнды қалыптастыру және дамыту үшін қазіргі таңда түрлі алғышарттар тапсырысқа енді. Графикалық дизайнның негізінде оның күрделі қызметін түсіну үшін сонымен қатар ол өзіне орналасуын қамтамасыз ете отырып, қазіргі заманғы полиграфиялық жабдықтар, инновациялық графикалық бағдарламаларды және оны жоғары сапалы жарнамалық өнім ретінде пайдалану үшін қамтамасыз етіледі.

Графикалық дизайнның дамуының әлеуметтік мәдени факторларына келетін болсақ оның санқилы-лығы, көбіне сұраныстарының сантүрлілігіне, олардың түсініктемелерінің сан қилылығына байланысты. Графикалық дизайн артық өндіру дағдарысына тап болған, «үстеме» экономиканың қызметі үшін қажет. Ақпараттық құралдар жаппай тұтынушының құндылық ұстанымдарын қалыптастыруда негізгілеріне айналды. Егер бұрын графикалық дизайнның нысаны тауар туралы ақпарат берумен ғана шектеліп қоя-тын болса, енді адамдардың санасына осы тауар немесе қызмет көрсетілмесе күніңіз қараң қалады деген пікірді миыңызға құя беру бүгінгі күнгі қаптаған жарнамалардың басты міндетіне айналды. Жарнама дәл осы түйсік асты санаға, ұтымды түйсіктелмеген сұранысқа әсер ете отырып, артық өндіріске тән «ұтым-сыз» сұраныстың негізін қалайтынын айтып кеткен жөн болар еді. Мұндай сұраныстың мақсаты тауарды пайдалану емес, басқа тұтынушылардың осы тауарға қатысты әдебіне қатысты осы тауардың сәнділігіне қатысты, жарнама санаға

сіңіріп қойған әдептік ұстанымдарға бой алдыру.Графикалық дизайнның коммерциялық нысандары, көбіне жарнама бұқара санасын билеудің мықты құралы. Жарнаманың сәтті жасалуы, нарықта бір нәрсені: фирманы, қызметті, өнімді жылжытуға, оның бәсекеге деген қабілеттілігін арттыратын, тартымдылығын, даралығын, танымалдылығы мен сұранысын арттыруға деген ашкөз тал-пыныс визуалды шешімі оны құраушы сипаттарының бірі болып табылатын, кешенді жарнамалық жоба жасауға байланысты. Жарнама графикалық дизайнның нысаны ретінде, бірінші кезекте сатудың санына көзделген нарықтық табысқа жетуге бағытталған. Дизайнер оның нысандары сатуды ынталандыру құралы және таңбалық-реміздік міндет атқаратындықтан, пайда табуды көксейді. Адам жаппай мәде-ниетте ең алдымен, тұтынушы ретінде. Бүгінгі күнгі жаппай тұтыну дәуірінде негізгі міндеті ретінде болмаса да, қажетті міндеттерінің бірі ретінде – жарнама қызметін көрсетпейтін графикалық дизайн нысанын атап көрсету аса қиынға соғады.

Графикалық дизайн қазіргі таңда нағыз ықпалдастыру мамандық ретінде жұмыстағы қиындықты біріктіретін, түрлі кәсіби пәндер қағидаттары мен әдістерін көп деңгейлі визуалды нақтылық тақыры-бында көрсете біледі. Сонымен визуалды бейнелерді мәтін, қашықтық пен қатар қозғалыс, уақыт, интерактивтілік, көрнекі сурет, ғарышты, графикалық дизайн шеберлері экономикалық маркетинг және мәдени қарым-қатынаста байланыстырып түрлі құралдар мен жұмыс істеп келеді. График дизайнерлер өз қызметтерін анықтау ретінде көркем-техникалық жобалау көркем немесе жобалау инновациялық түрде көрсетеді. Дизайнда инновациялық процестер нағыз өсудің инновациялық жүйенің қалыптасу процесі болып табылады. Графикалық дизайн бұл нағыз барлық өнімдерді сатуға ынталандыруға бағытталған инновациялық жүйе. Инновациялық процесс даму, жобалау тұрғысында, графикалық дизайн саласында ерекше рөл атқарады. Әсіресе жарнама дизайны инновациялық тұрғыда кеңінен ерекшеленеді. Бүгінгі әлеуметтік, экономикалық тыныс-тіршілігімізді жарнамасыз көзге елестету қиын. Жарнама қазіргі таңда сауданың нағыз қозғалтқышы ғана емес, сонымен қатар жалпы даму дәрежесінің де бірегей көрсеткіші болып саналады. Біздің талдауымызша зерттелетін проблемалардың ең күрделі аспектісі – инновация-лардың анықтау міндеті болып табылады.

Графикалық дизайны жаппай ақпараттандыру саласында күшейіп алды. Оның нысандары жарнамада, кинода, теледидарда, баспа қызметінде, т.б. әлеуметтік салаларда қолданылады. Көріністік мәдениеттің дамуында компьютерлік графиканың дамуы, жарнамалық роликтердің жасалуы жаңа бейнелеу пішінінің құрылуы өте маңызды болып табылады.Көріністік бейнелеу, бейнелілік- ерекше графика дизайнына ие оның нысандарын анықтайтындықтан, эстетикалық сипаттарына сай қарастырылатындықтан, кез келген дизайн-шешімнің міндетті сипаты болып табылады [4].

Қазіргі уақытта кәсіби даярлау мен оқытуда ақпараттық-технологияны қолданудың маңызы ретінде бірнеше негізгі бағыттарын ерекшелеп көрсетуге болады:

- ақпараттық технологияны кәсіби даярлауда көрнекілікті арттыру, әр түрлі нысан мен үдерістерді үлгілеу, оқу материалын жүйеге келтіру мен логикалық реттеу, жаттықтыру, меңгерілген білімді бақылау үшін көрнекілік құрал ретінде пайдалану;
- оқытудың әр түрлі формасын жүзеге асыру: дербес, ұжымдық, өзіндік, қашықтықтан оқыту. Оқыту үдерісін автоматтандырылған оқыту жүйелерін қолдану арқылы автоматтандыру;
- әр түрлі пәндер бойынша компьютерлік оқу курстары мен дизайн программаларының әдістемелік кешендерін жасақтау;
- ғылыми негізделген компьютерлік оқу программаларының сценарийін жасау, педагогикалық программалық құралдардың сапасын сараптау мен оны бағалау;
- білім беру жүйесінде компьютерлік телекоммуникацияны қолдану;
- білім беруді басқаруда ақпараттық технология құралдарын кәсіби қолдануға баулу (басқарудың автоматтандырылған жүйелері, автоматтандырылған жұмыс орындары);
- психологиялық-педагогикалық зерттеулерде ақпараттық технология құралдарын қолдану.

Дамушы сұраныс үрдісі коммуникация пішініне айналуға, ал, нысандары- олардың қимыл-қозғалысы адамға өзге адамдармен әлеуметтік қарым-қатынасқа түсуге мүмкіндік беретін коммуникативтік құралдарға, белгілерге айналуға. Графикалық дизайнның мәдениетті көрсету сұранысын іске асыра келе, заманауи ақпараттандыру ортасының ажырамас, бітұтас бөлшегіне айналуға. Ол «көріністі түсіндіру-ші», ақпаратты миллиондаған адамға түсінікті тілге аударушы. Бейнелік таңбалардың көмегімен ол адресатқа ұзақ сөздермен түсіндіріп жатпастан-ақ, кез келген дерлік деректі жеткізе алады» деп таныс-тырады. Бүгінгі заманның жаппай мәдениетінде басымдылық көрсететін дәл осы көріністік үрдістер графикалық дизайнмен байланысты. Осы кезде дизайн - айрықша, бір уақыттарухтандырушы және рефлексілі салмақты өнер болып қалуда [5].

Қорыта айтқанда, біз уақыт өте келе жаңа жаңалықтарды жалғастырамыз деп ақылға қонымды сеніммен айта аламыз барлық нәрсе өз жолымен келеді. Орасан зор өлшемдегі инновациялық атауға түрлі процестерде қатысушылардың және көрнекті суретшілердің өнерлері шын мәнінде замануи өнердің табысы десек те болады. График суретшілердің негізгі жұмысының ажырамас бөлігі бұл олардың қолға алған қоршаған ортаны және кез келген идеяларын инновациялық тұрғыда көрсету болып табылады. Қазақстанның заманауи көркем шығармаларында шексіз мүмкіндіктер бар, олар өнердің «ескі» түрін жаңартып, сондай-ақ ата-бабаларымыздың мәңгілік өшпес ежелгі өнер туындыларын жаңа түрінде көрсетіп әр түрлі жаңа жолдар іздестіріп дамуда [6].

Білім беру үрдісін ақпараттандыру – жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлатуды көздейді. Дизайн саласында қызмет ететін заман талабына сай қалыптасқан кәсіби деңгейі бар, компьютерлік технологияларды жетік меңгерген мамандар-ды даярлау осы күнгі өзекті мәселелердің бірі. Сол себептен жоғары оқу орындарында оқу үдерісінде осы мәселені шешу жолдарын жетілдіру қарастырылуда. Аталмыш мәселенің дұрыс шешімін табу жолында ізденіс жұмыстарын саралай келе, түсінгеніміз - жоғары оқу орнында компьютерлік технологияларды оқу үдерісінде қажетті көлемде қолдану әлі күнге дейін шешімін таппауда. Оның басты себептерінің бірі - орта буыннан жоғарғы жастағы мамандардың кәсіби компьютерлік білімдері мен дағдыларының жоқты-ғы. Бұл мәселе төңірегіндегі ғылыми және әдістемелік жұмыстарды саралау барысында жасаған тұжырымдамаларымыз кәсіби деңгейі жоғарғы маманды даярлау үдерісінде әлі де шешімін табуды қажет ететін тың салалар жеткілікті. Солардың бірі - графикалық дизайн саласында қызмет ететін болашақ маманның кәсіби деңгейді қалыптастыруға негізделген арнайы пәндерді оқу барысында компьютерлік техноло-гияларды қажетті көлемде қолдану мәселесі.

Компьютердің техникалық негізі мен жұмыс істеу принциптерін білу, олардың әр түрлі қасиеттері мен мүмкіншіліктерін білу, шыққан тегі мен тарихи даму жолдарын білу болашақ мамандарға компью-терлік технологияларды саналы түрде келешек қызметтерінде қолдануға мүмкіншілік жасайды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. *Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына жолдауы : «ЖАҢА ӘЛЕМДЕГІ ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН».* – Астана. 29 қаңтар, 2007 жыл. –Б.2.
2. *Батыстың жүз дизайнышысы.* – М.: ВНИИТЭ, 1994. – 122 б.
3. *Шимко В.Т. Сәулеттік-дизайнерлік жобалау. Теория негіздері.* –М.: Принт, 2003. – 244 б.
4. *Шқурова А.Н. Батыс сәулеті және ХХ ғасырдың өнер әлемі.* –М.: Стройиздат, 1990. – 312 б.
5. *ИсабекН.Е., Ешманова Г.К. Графикалық дизайнның әлеуметтік мәдени функциялары // Вестник КазНПУ им. Абая «Көркемәнерден білім беру: өнер – теориясы – әдістемесі» сериясы № 3(52), 2017.– 26-29 б.*
6. *История казахского искусства. Том 3: Искусство Казахстана нового и новейшего времени.* - Алматы, "Арда+7", 2013. – 864 с., илл.

ӘОЖ 655.26

ҒТАМР 18.31.07

М.Ж.Жақыпбекова¹, Д.С.Болысбаев², Ж.Сүлейменова³, А.Сәрсен⁴

¹педагогика ғылымдарының кандидаты

²философия ғылымдарының кандидаты, доцент

^{3,4}магистрант

*М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті,
Шымкент, Қазақстан*

БОЛАШАҚ ГРАФИКАЛЫҚ ДИЗАЙН МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУ КЕЗЕҢІНДЕ ОҚУ ҮРДІСІНДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚҰРАСТЫРУ

Аңдатпа

Болашақ графикалық дизайн мамандарын даярлау кезеңіндегі педагогикалық технология жайлы қарастырыла отырып, графикалық дизайн саласында қызмет ететін заман талабына сай қалыптасқан кәсіби деңгейі бар, компьютерлік технологияларды жетік меңгерген мамандарды даярлау. Жаңа инновациялық ойлар тұжырымдамалар және дизайн графикасындағы шығармашылық ой үрдістерін дамуы мен талдануы жайлы жаза отырып, заманауи озық ақпараттық технологияларды тиімді қолдану, ой мен практиканы бірлестіре отырып болашақ шығарманы жетік меңгерген маман иесі болатындығы жайлы айтылады және графикалық дизайн саласында қызмет ететін заман талабына сай қалыптасқан кәсіби деңгейі бар, компьютерлік технологияларды жетік меңгерген мамандарды даярлау осы күнгі өзекті мәселелері жайлы білдірген. Сол себептен жоғары оқу орындарында оқу үдерісінде осы мәселені шешу жолдарын жетілдіру қарастырылған.

Сонымен бірге, график суретшілердің негізгі жұмысының ажырамас бөлігі бұл олардың қолға алған қоршаған ортаны және кез келген идеяларын инновациялық тұрғыда көрсету болып табылады. Қазақстанның заманауи көркем шығармаларында шексіз мүмкіндіктер бар, олар өнердің «ескі» түрін жаңартып, сондай-ақ ата-бабаларымыздың мәңгілік өшпес ежелгі өнер туындыларын жаңа түрінде көрсетіп әр түрлі жаңа жолдар іздестіріп дамытқан.

Түйін сөздер: графикалық дизайн, инновация, педагогика, технология, компьютерлік графика, заманауи, тастық таңба.

Аннотация

Жақыпбекова М.Ж.¹, Болысбаев Д.С.², Сүлейменова Ж.³, Сәрсен А.⁴

¹кандидат педагогических наук,

²кандидат философских наук, доцент,

^{3,4}магистрант

*Южно-Казахстанский Государственный университет им. М. Ауезова
Шымкент, Казахстан*

РАЗРАБОТКА ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ТЕХНОЛОГИЙ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОГРЕССЕ ПРИ ПОДГОТОВКЕ БУДУЩИХ ГРАФИЧЕСКИХ ДИЗАЙНЕРОВ

В статье описаны педагогические технологий обучения будущих специалистов по графическому дизайну, подготовки специалистов, имеющих профессиональный уровень компьютерных технологий, с современным уровнем профессионализма в области графического дизайна. Новые инновационные идеи расскажут вам о разработке и анализе творческого мышления в концепции и графической графике, эффективном использовании современных информационных технологий, сочетании идей и практики для того что бы стать мастером будущей работы с профессиональным уровнем профессионализм в области графического дизайна. Существующие специалисты, которые хорошо знают компьютерные технологии, говорили о актуальных проблемах дня. Именно поэтому высшие учебные заведения совершенствуют свое обучение в процессе обучения.

В то же время графика является неотъемлемой частью основной работы художников, которая представляет собой инновационную демонстрацию окружающей среды и любые идеи, которые у них есть. Современные художественные произведения Казахстана имеют безграничные возможности, они возродили «старое» искусство, а также разработали новые способы демонстрации вечных античных старинных работ наших предков.

Ключевые слова: графический дизайн, инновации, педагогика, технология, компьютерная графика, современность, целостность бренда.

Abstract

M.J.Jakupbekova¹, D.S.Bolysbaev², J.Suleimenova³, A.Sarsen⁴

¹candidate of pedagogical sciences

²candidate of philosophy sciences, docent

^{3,4}master student

M. Auezov South Kazakhstan state university

Shymkent, Kazakhstan

DEVELOPMENT OF PEDAGOGICAL TECHNOLOGIES IN EDUCATIONAL PROGRESS IN THE PREPARATION OF FUTURE GRAPHIC DESIGNERS

For the future training of future graphic design specialists, the training of professionals who have a professional level of computer technology, with a modern level of functioning in the field of graphic design. The new innovative ideas will tell you about the development and analysis of creative thinking in the concept and graphics graphics, the effective use of modern information technology, combining ideas and practice, and will be the master of the future work, with a professional level of professionalism in the field of graphic design Existing specialists, who have a good knowledge of computer technology, spoke about topical issues of the day. That is why higher education institutions are improving their learning in the learning process.

At the same time, graphics are an integral part of the basic work of artists, which is an innovative demonstration of the environment and any ideas they have. The modern artistic works of Kazakhstan have limitless possibilities, they have renewed the "old" art of the arts and have also developed new ways to showcase the eternal antique ancient artworks of our ancestors.

Keywords: graphic design, innovation, pedagogy, technology, computer graphics, modern, the integrity of the brand.

Қазақстан Республикасының "Білім туралы" заңында білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың ұстанымдарының бірі - жеке адамды қалыптастыруға бағытталған рөлі және педагог қызметкерлер оқушылардың мемлекеттік білім беру стандартында көзделген деңгейден төмен емес білім, білік, дағды алуын қамтамасыз етуге, олардың жеке шығармашылық қабілеттерінің дамуы үшін жағдай жасау қажет-тігі

қарастырылған. Қазақстан Республикасының білім беруді дамыту тұжырымдамасында «Жоғары білімді дамытудың негізгі үрдісімамандар даярлау сапасын арттыру, қарқынды ғылыми-зерттеу қызметі-мен ықпалдастырылған инновациялық қажеттіліктерімен тығыз байланысты білім беру және технология-ларды жетілдіру көзі» деп атап көрсеткендей, қазіргі білім беру саласындағы басты мәселе: әлеуметтік педагогикалық ұйымдастыру тұрғысынан білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді жаңа әдістерін іздестірумен және оларды жүзеге асыра алатын болашақ мамандарды даярлау болып отыр. Қазіргі кезде оқу-тәрбие үрдісінде біршама педагогикалық технологиялардың қолданылып жүргені белгілі. Бұл технологиялардың бәрін бір сабақта қамту мүмкін емес.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті: - ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технология-ларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» делінген.

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы барысында орта білім берудің жүйелі реформалануы қоғамдық тұрғыдан үлкен маңызға ие. Білім беруді реформалауды жүзеге асырудың және бір маңызды сипатты қазіргі уақыттағы оқыту үрдісін технологияландырудың қажеттігінен тауып отыр.

Педагогикалық технология - педагогикалық мақсатқа қол жетудегі қолданылатын барлық қисынды ілім амалдары мен әдістемелік құралдардың жүйелі жиынтығы. Педагогикалық технология тәжірибеде жүзеге асатын педагогикалық жүйенің жобасы. Ал, педагогикалық жүйе - дара тұлғаны қалыптас-тыруға бағытталған. Белгілі бір мақсатқа жету жолындағы арнайы педагогикалық, ықпалды ұйымдас-тыруға қажетті өлшемдер жиынтығы.

Педагогика ғылымында мамандарды оқыту мен тәрбиелеудің міндеті жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болғандықтан, жаңа технология бойынша әдістемелік жүйенің басты бөлігі оқыту мақсаты болып қалады. Ізгілікті білім прадигмасы бойынша субъект субъекттік қатынаста педагог пен болашақ маман тең қарым-қатынаста болуы баса көрсетілген. Яғни оқыту барысында маман өз пікірін, көзқарасын еркін ашып айта алады, педагог білім алушының қандай бастамасы болсада қолдау көрсетеді және оқушының қателесу арқылы жаңа білімді игеруіне ықпал етеді. Заман талабына сай қойылып отырған талап педагогтың жетекші, кеңес беруші позициясына ауысуын қажет етеді. Бұл жерде алға қойылатын басты мақсат – болашақ маманға деген сенім, оның өз ісіне жауап беру мүмкіндігіне сүйеніп беделі мен қадір-қасиет сезімін дамыту. Ал оқытудың фронталды түрі, көбінесе, бағыт беру, талқылау және түзету енгізуде ғана пайдаланылады [6].

Бүкіл дүние жүзін қамтыған жаһандану дәуірінің дамуына елеулі ықпал етіп отырған қоғамның барлық салаларын ақпараттандыру үдерісі қарқынды түрде іске асырылуда. Осы орасан зор әлемдік құбылыс біздің еліміздің дамуы бағытына айтарлықтай әсер етуде. ХХІ ғасырдың жаңа ақпараттық технологиялар ғасыры деп аталуы адамзат өркениетінің дамуының келесі сатысына енгендігін білдіреді. Дүниежүзілік көлемде өтіп жатқан техникалық прогрестің кезекті даму тармағына сай болу экономика-лық дамудың жаңа жағдаятына бейімделуді көздейтін кез келген елдің басты мақсатына айналмақ. Демек, осы ұлы көштен өз орнын табу біздің еліміздің де басты мүдделерінің бірі болмақ. Осындай ауқымды да маңызды қызметті іске асырудың жолдарын анықтайтын құзыретті мемлекеттік органдар мен қоғамдық институттардың міндеттері болып табылады. Жаһандану дәуірінің талаптарына сай даму саясатын жүргізе отырып, ұлттық мүддемізге лайықты сара жол табуымыз қажет. Заманауи озық ақпараттық технологияларды тиімді қолдану арқылы қоғам салаларын ойдағыдай дамытудың бірден-бір кепілі – оларды жетік меңгерген мамандардың болуы. Бұндай мемлекеттік маңызы бар мәселені шешу қоғамдық институттың бірі болып саналатын кәсіби білім беру саласына жүктеліп отыр.

Болашақ мамандарға ақпараттық білім негіздерін беру, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу іс-әрекетін жүзеге асыру. Педагогикалық үдерістің тиімділігін арттыруға, студенттердің білім, білік, дағды сапаларының

жақсаруына септігін тигізетін ақпараттық технологияның түрлері көп ықпал етеді. Графикалық дизайн саласына қажет мамандарды даярлығын қалыптастыруға бағытталған компьютерлік технологияларды қолданудың бірізді жүйесі болып табылады. Болашақ маманды даярлауға қажетті заманауи оқыту технологиясының ең бастысы компьютерлік технологиялар деп пайымдаймыз. Себебі заманауи компьютерлердің мүмкіншіліктері жоғарыда аталған ақпараттық технологиялардың басым көпшілігін қамтиды және оларды қолданудағы ең басты буын болып табылады [1].

Графикалық дизайн саласында қызмет ететін заман талабына сай қалыптасқан кәсіби деңгейі бар, компьютерлік технологияларды жетік меңгерген мамандарды даярлау осы күнгі өзекті мәселелердің бірі. Сол себептен жоғары оқу орындарында оқу үдерісінде осы мәселені шешу жолдарын жетілдіру қарастырылуда.

Аталмыш мәселенің дұрыс шешімін табу жолында ізденіс жұмыстарын саралай келе, түсінгеніміз - жоғары оқу орнында компьютерлік технологияларды оқу үдерісінде қажетті көлемде қолдану әлі күнге дейін шешімін таппауда. Оның басты себептерінің бірі – орта буыннан жоғарғы жастағы мамандардың кәсіби компьютерлік білімдері мен дағдыларының жоқтығы. Бұл мәселе төңірегіндегі ғылыми және әдістемелік жұмыстарды саралау барысында жасаған тұжырымдамамыз кәсіби деңгейі жоғарғы маманды даярлау үдерісінде әлі де шешімін табуды қажет ететін тың салалар жеткілікті. Солардың бірі – графика-лық дизайн саласында қызмет ететін болашақ маманның кәсіби деңгейді қалыптастыруға негізделген арнайы пәндерді оқу барысында компьютерлік технологияларды қажетті көлемде қолдану мәселесі [2].

Қазіргі ақпараттандыру дәуірі оқу үдерісінде ақпараттық технология мүмкіндіктерін кең көлемде қолдануды қажет етеді. «Білім беру жүйесін ақпараттандыру – кәсіби даярлаудағы берілетін білім сапасын көтеруді жүзеге асыруға бағытталған үдеріс, еліміздің ұлттық білім жүйесінің барлық түрлерінде қазіргі технологияларды тиімді ақпараттық технологияларға алмастыру, оларды сүйемелдеу және дамыту, нақты жүзеге асыру шаралары» болып табылады. Әлемдік ғылым мен тәжірибеде ақпараттық технологияны оқыту үдерісіне енгізу келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын психологиялық, педагогикалық жағдай жасау үшін тигізер пайдасы зор. Қазіргі уақытта кәсіби даярлау мен оқытуда ақпараттық-технологияны қолданудың маңызы ретінде бірнеше негізгі бағыттарын ерекшелеп көрсетуге болады:

- ақпараттық технологияны кәсіби даярлауда көрнекілікті арттыру, әр түрлі нысан мен үдерістерді үлгілеу, оқу материалын жүйеге келтіру мен логикалық реттеу, жаттықтыру, меңгерілген білімді бақылау үшін көрнекілік құрал ретінде пайдалану;

- оқытудың әр түрлі формасын жүзеге асыру: дербес, ұжымдық, өзіндік, қашықтықтан оқыту. Оқыту үдерісін автоматтандырылған оқыту жүйелерін қолдану арқылы автоматтандыру;

- әр түрлі пәндер бойынша компьютерлік оқу курстары мен дизайн программаларының әдістемелік кешендерін жасақтау;

- ғылыми негізделген компьютерлік оқу программаларының сценарийін жасау, педагогикалық программалық құралдардың сапасын сараптау мен оны бағалау;

- білім беру жүйесінде компьютерлік телекоммуникацияны қолдану;

- білім беруді басқаруда ақпараттық технология құралдарын кәсіби қолдануға баулу (басқару-дың автоматтандырылған жүйелері, автоматтандырылған жұмыс орындары);

- психологиялық-педагогикалық зерттеулерде ақпараттық технология құралдарын қолдану [3].

«Графикалық дизайн» мамандығын даярлауда ақпараттық технологияны білім беру үдерісінде қолдану – өзінің тәсілдері мен мақсаттары бар, белгілі бір теориялық базаны, ерекше әдістерді қамтитын біртұтас үдеріс болып табылады. Сондықтан олар арқылы орындалатын оқу әрекеттері қарым-қатынас-тың жоғарғы деңгейіне көшеді, оқыту кезінде арнайы іскерліктерді қалыптастырады. Компьютерлік технологиялардың мүмкіншіліктерін кеңейту үзіліссіз динамикалық үдеріс болып табылады. Үнемі өзгеріп отыратын


компьютерлік технологияларды менгеру үшін, графикалық дизайн мамандығындағы кәсіби даярлығын жетілдіру үстінде көп қолданыста болуы қажет.

Заманауи инновациялық технологиялар графикалық дизайнда да нағыз шығармашылық дүр сілкін-дірді және жаңа мүмкіндіктер, тәсілді даңғылдар, тиімді әдістемелер мен түрлі шешімдер қабылдады. Графикалық дизайн мынадай негізгі өнімдерді қамтиды:

- корпоративтік стиль;
- фирмалық белгілер, буклеттер, брошюралар, және басқа жарнамалық полиграфиялық продукциялар;
- орауыштар, плакатты өнімдер, сувенирлік өнімдер;
- кітап макеттері мен иллюстрациялар;
- визуальды коммуникациялар;
- жарнамалық өнімдер және веб-өнімдер интернет-сайтына арналған және т.б.

Графикалық дизайнның даму саласында инновациялық үрдістердің маңызды ерекшелігі жобалау қызметінің жаңа бағыттарының пайда болуы – компьютерлік дизайн, яғни қолданбалы салаға көшіп, дизайнерлік жобалау қызмет көрсету түрлерін, өзіндік шығармашылық түрлер, бағыт беруші, интернетке веб-өнімдерін дайындап байланыстырушы. Веб-дизайн бұл графикалық дизайнның жаңа бағыттарының бірі сайттың макетін құраушы, жаңаны дамытушы, барлық графикалық сайттардың элементін құраушы. Дәстүрлі визуальды графикалық әдістер графикалық дизайн жобалауда инновациялық технологиялармен компьютерлік графикалық редактор системаларымен (Adobe Photoshop, CorelDraw, Adobe Acrobat, PageMaker, Adobe Illustrator, Corel PHOTO-PAINT, QuarkXPress, Colorimpact, AAA Logo, т.б.) тікелей байланыста болады. Заманауи графикалық дизайнның даму инновациялық тенденцияларын шығарма-шылық процесінің ағымдары ретінде қарастыруға соның негізінде қорытынды жасауға, үйлесімді және тиімді көрнекі байланысты ақпарат құралдарын құру сапалық жаңа революциялық өзгерістер енгізуге болады және әлеуметтік-экономикалық мәдени салалардағы, біздің заманымыздың көрнекі ландшафтын қалыптастыруға ықпал етеді. Біз графикалық дизайнның пайда болу тарихы туралы айтатын болсақ, онда ол адамзат өркениетінің тарихымен тығыз байланысын атап өтуіміз қажет. Ежелгі адамдардың алғашқы картиналары графикалық дизайнның бірінші нұсқалары болды десек те болады. Мысалы:

Тастағы таңбалы суреттер.



Сурет-1



Сурет-2

Графикалық дизайн түрлерін қалыптастыру мақсатын әкелсек, біз оны көркем кескіндеменің пайда болуымен тығыз байланысты екенін атап өткеніміз жөн. Осындай графикалық дизайнды қалыптастыру тұрғысында, графикалық бейнелерді адамдар өздері сақтықпен көрсетуге кез келген әрекеттер жасауға және белгілі бір бағытталған эмоциялардың пайда болуын қарастырды. Графика тиімді түрде ұрандарды қарапайым тілмен қалыпты жағдайда көрсетуге тырысты [4].

Графикалық жарнамалық мысалдар арасында ортақ ескерту белгілерін еске алады, талапты ақпарат-тарды барынша аз уақыт кезеңі ішінде пайдалануға болады. Қазіргі заманғы графикалық дизайнның қысқаша

тарихын карау заманауи дизайндағы адамның жеке түрде қызмет ретін жобалауына және біртіндеп пайда болу мен дамуын көрсетуге мүмкіндік береді. Графикалық бейнелер техникалық сызу, гео-метрия, өнер сияқты аралас салаларға байланысты пайда болды. Жеке секторлардың біртіндеп жақса-руына байланысты, нысанда графикалық дизайнды қалыптастыру және дамыту үшін қазіргі таңда түрлі алғышарттар тапсырысқа енді. Графикалық дизайнның негізінде оның күрделі қызметін түсіну үшін сонымен қатар ол өзіне орналасуын қамтамасыз ете отырып, қазіргі заманғы полиграфиялық жабдықтар, инновациялық графикалық бағдарламаларды және оны жоғары сапалы жарнамалық өнім ретінде пайдалану үшін қамтамасыз етіледі. Соңғы графикалық жарнама әрбір уақытта графикалық дизайнер қызметінің нәтижесі болып табылады.

Графикалық дизайн қазіргі таңда нағыз ықпалдастыру мамандық ретінде жұмыстағы қиындықты біріктіретін, түрлі кәсіби пәндер қағидаттары мен әдістерін көп деңгейлі визуалды нақтылық тақырыбында көрсете біледі. Сонымен визуалды бейнелерді мәтін, қашықтық пен қатар қозғалыс, уақыт, интерактивтілік, көрнекі сурет, ғарышты, графикалық дизайн шеберлері экономикалық маркетинг және мәдени қарым-қатынаста байланыстырып түрлі құралдармен жұмыс істеп келеді. График дизайнерлер өз қызметтерін анықтау ретінде көркем-техникалық жобалау – көркем немесе жобалау инновациялық түрде көрсетеді. Дизайн инновациялық процестер нағыз өсудің инновациялық жүйенің қалыптасу процесі болып табылады. Графикалық дизайн бұл нағыз барлық өнімдерді сатуға ынталандыруға бағытталған инновациялық жүйе. Инновациялық процесс даму, жобалау тұрғысында, графикалық дизайн саласында ерекше рөл атқарады. Әсіресе жарнама дизайны инновациялық тұрғыда кеңінен ерекшеленеді. Бүгінгі әлеуметтік, экономикалық тыныс-тіршілігімізді жарнамасыз көзге елестету қиын. Жарнама қазіргі таңда сауданың нағыз қозғалтқышы ғана емес, сонымен қатар жалпы даму дәрежесінің де бірегей көрсеткіші болып саналады. Біздің талдауымызша зерттелетін проблемалардың ең күрделі аспектісі – инновациялардың анықтау міндеті болып табылады. Негізгі тұрғыдан алғанда қазіргі таңда соның ішінде өнер дамуында жаңа өзгертулер мен жаңартулар дамулар үнемі болып тұрады.

Графика саласында да әрбір алған тақырыпты шығармашылық тұрғыдан қамти отырып, оны жаңартып-көрсетуге тырысамыз. XX ғасырдың екінші жартысы мен XXI ғасырдың постиндустриалдық қоғам дәуірінде - инновация кескіндеме және графика салаларында жаңарту тәсілін тапты. Графикада бейнелі-мәнерлі инновациялар - көрнекі етіп көрсету жаңа әдістерін қолдану яғни компьютерлік бағдарламалармен суреттерге өзгерістер енгізу және түрлі жаңа топтамалар құрастыру болып табылады. Графикада инновациялық мәдениет ерекшеліктерін білдіру бұл философия, ең алдымен суретші философиясы ретінде сипатталады. Жаңа ақпараттық технологияларды және қазіргі заманауи дүние-таным қағидаларын қосу барысы арқылы графикалық көркем бағдарламалар ерекше тұрғыдан көрінеді. Графикада инновациялық шолулар алғышарттар мынадай нәтижелерге әкелді; технология, ақпарат және көркем шығармашылықтағы жаңа процестер, факторлар өзара анықталды осыған орай өнер саласындағы инновациялық жаңартулар. График суретшілер - өнер туындыларын жасауда, жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып шығармашылық салада түрлі идеялар ойлап табуда. Графикада жаңа инновациялық идеяларды қолдану барысында мынадай қайшылықтар туындады – яғни ескі мен жаңа арасындағы терең өзгерістердің байланысы. Қазіргі заманғы технологияның арқасында графикалық дизайнер барлық лас жұмысты компьютер орындайды дейді, өйткені шынайы суретші толық заттарын шығармашылық жағында шоғырландыру мүмкін сияқты. Алайда, компьютерді график суретші жақсы игеруі қажет, сонымен қатар әр түрлі құралдар және графикалық дизайн әдістерін меңгерулері тиіс. Қазіргі таңда компьютерлік технология жедел қарқынмен дамып келеді және кез келген жаңа жарнаманы осы графикалық дизайнер ойлап табады [5].

Қорыта келе, біз уақыт өте әлі жаңа жаңалықтарды жалғастырамыз деп ақылға қонымды сеніммен айта аламыз барлық нәрсе өз жолымен келеді. Орасан зор өлшемдегі инновациялық атауға түрлі процестерде қатысушылардың және көрнекті суретшілердің өнерлері шын мәнінде заманауи өнердің табысы десек те болады. График суретшілердің негізгі жұмысының ажырамас бөлігі бұл олардың қолға алған қоршаған

ортаны және кез келген идеяларын инновациялық тұрғыда көрсету болып табылады. Қазақстанның заманауи көркем шығармаларында шексіз мүмкіндіктер бар, олар өнердің «ескі» түрін жаңартып, сондай-ақ ата-бабаларымыздың мәңгілік өшпес ежелгі өнер туындыларын жаңа түрінде көрсетіп әр түрлі жаңа жолдар іздестіріп дамуда. Әсіресе, 1990-шы жылдардың бірінші жартысында, өте белсенді өнер нысандарының қайта даму процесі басталған еді. Әдіс-тәсілдер бейнелер оларды байланыстыру және құрастыру ерекше орынға ие болды. Ал график шеберлер өз шығармашылықтарында түрлі қызықты идеяларды заман талабына сай жасауда.

Пайдаланған дебиеттер тізімі

1. Исабек Н.Е. *Студенттерді компьютерлік графиканы кәсіби іс-әрекетінде пайдалануға даярлау: Автореферат.* – Алматы: 2005. – 24 б.
2. Мәлібекова М.С., Исаев Р.К. *Дербес компьютерді оқу процесінде қолдану.* – Алматы: Білім, 2000. – 155 б.
3. Исабаева Д.Н., Құрманбаева Ж.И. *Білім беру жүйесіндегі ақпараттық технология құралдарын қолданудың мүмкіндіктері.* -Алматы: Білім, 2009. – 89 б.
4. Туэмлоу Э. *Графический дизайн. Фирменный стиль, новейшие технологии и креативные идеи.* – М.: АСТ, 2007. – 255 с.
5. Ибраимов У. *Сызу пәнінде оқушылардың графикалық дағдыларын қалыптастырудың кейбір мәселелері // Вестник КазНПУ им. Абая «Көркемөнерден білім беру: өнер – теориясы – әдістемесі» сериясы № 4(53), 2017. – 28-32 б.*
6. *ҚАЗАҚ ӨНЕРІ: Энциклопедия.* – Алматы: Қазақстан даму институты, 2002. – 800 бет.

ҒТАХР 14.25.09

Р.А.Дарменова¹, Ә.Н.Рахим²

*¹п.ғ.к, профессор м.а.,
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,
Қазақстан, Алматы қ,
e-mail: rahiya1961@mail.ru*

*²“Кәсіптік оқыту” мамандығының магистранты,
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,
Қазақстан, Алматы қ,
e-mail: aselarhm@gmail.com*

КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСİNДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада кәсіптік білім беру жүйесіне оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту жолдары қарастырылған. Оқушылардың дарындылығын ашу. Болашақ мамандардың кәсіби шеберлігі мен

шығармашылық ізденісін дамыту. Оқу тәрбие үрдісіне жана педагогикалық технологияларды енгізу арқылы оқушылардың білім сапасын арттыру. Оқушыларды алға қарай дамыту үшін ұстаздардың алға қойылған мақсаттары қарастырылған.

Түйін сөздер: шығармашылық, дарындылық, педагогикалық шеберлік, білім беру, тәрбие, қабілет.

Аннотация

Дарменова Р.А.¹, Рахим А.Н.²

¹к.п.н, и.о.профессора,

Казахский государственный женский педагогический университет,

г.Алматы, Казахстан, e-mail: rahiya1961@mail.ru

²Магистрант специальности “Профессиональное обучение”, Казахский государственный

женский педагогический университет,

г.Алматы, Казахстан, e-mail: aselarhm@gmail.com

ПУТИ РАЗВИТИЯ ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ УЧЕНИКОВ В СИСТЕМЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

В этой статье рассматриваются как ученики могут развивать свои творческие способности. Раскрытие таланта учащихся. Развивать креативность и профессиональные навыки будущих специалистов. Повышение качества обучения учеников путем внедрения новых педагогических технологий в учебный процесс и для дальнейшего развития учеников рассмотрены цели и задачи преподавателей.

Ключевые слова: творчество, одаренность, педагогические навыки, образование, воспитание, умение.

Abstract

R.A.Darmenova¹, A.N.Rakhim²

¹Cand.Sci.(Pedagogy), Prof.,

Kazakh State Woman Teacher Training University, Kazakhstan, Almaty,

e-mail: rahiya1961@mail.ru

²Master student specialization “Professional training”,

Kazakh State Woman Teacher Training University, Kazakhstan, Almaty,

e-mail: aselarhm@gmail.com

WAYS OF DEVELOPMENT OF CREATIVITY OF PUPILS IN THE SYSTEM OF EDUCATION

In this article are considered as pupils can develop the creative abilities. Disclosure of talent of pupils. To develop creativity and professional skills of future experts. Improvement of quality of training of pupils by preparation of new pedagogical technologies in educational process and for further development of pupils the purposes and tasks of teachers are considered.

Key words: creativity, giftedness, pedagogical skills, education, upbringing, skill.

«Болашақ ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш

тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдар-ламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы» [1]

Қазақстан Республикасының “Білім туралы” заңының 5-тарауындағы 41-баптың 1-бөліміндегі “Педагог қызметкерлер өз біліктілігін артыруға міндетті” деп көрсетілуі, “Қазақстан–2050” стратегиялық бағдарламасында елбасының “Біз балаларымызға өзіміздің жақын және алыс көршілерімізбен достық қарым-қатынасымызды мұра етіп қалдыруымыз керек” деген сөзі бүкіл ағартушы қауым алдында “Оқу тәрбие үрдісіне жаңа педагогикалық технологияларды енгізу арқылы оқушылардың білім сапасын арттыру, шығармашылық қабілетін дамыту” өзекті мәселелер енгізіп отырғаны белгілі. Осы мақсатты жүзеге асыруда мектеп басшысы, ұжымдағы мұғалімдердің кәсіби шеберлігі мен шығармашылық ізденісін дамытуға аса мән беру қажет [2]. Мектеп – еліміздің халыққа білім беру жүйесінің – күрделі шығармашылық ізденісін тармағы. Сондықтан мектебіміздің мақсаты: жеке тұлғаны жан-жақты дамытудың алғы шарты ретінде оқушыларды сараптап оқыту арқылы шығармашылық қабілетін дамыту. Еліміздің жарқын болашағы, өзіміз қызмет істеп жүрген мектеп болашағы біздің ұстаздардың ізденісіне, балаларға деген сүйіспеншілігіне, кәсіптік деңгейіне байланысты екенін жақсы түсінеміз. Шындығында мұғалімнің алдында оқушыларға білім мен тәрбие беруде үлкен жауапкершілік тұр. Әрбір оқушыны оқытып, тәрбиелеуге байланысты мәселелерді өздігімен және шығармашылық ынтамен шешуге қабілетті жаңашыл мұғалім керек. Мектеп мұғалімдері шығармашылық жұмыспен айналысуға даяр болуы керек, нәтижеге жетуге ұмтылу қажет.

Ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған Жолдауында “Біздің болашақтағы жоғары технологиялық және ғылыми қарымды өндірістері үшін кадрлар қорын жасақтауымыз қажет” деген сөздері бар [3]. Демек, оқушылардың ғылыми зерттеу жұмыстарына қызығуын қалыптастыру, шығармашылық қабілетін дамыту, қазіргі техниканы тиімді пайдалану мәдениетіне тәрбиелеу – мектептің басты бағыттарының бірі. Оқушының дарындылығының дамуы, қабілетінің ашылуы көбінесе мұғалімнің кәсіби біліктілігіне, және оның тұлғалық қасиетіне байланысты екені айдан анық. Көбінесе “дарынды оқушы – бұл жақсы оқитын оқушы” деген пікір қалыптасқан. Белгілі ағылшын психологі П.Торранстың зерттеулері бұл пікірдің мұғалімдер арасында жиі кездесетінін анықтады. Оларға оқуда қиыншылық туғызбайтын, тәртіпті, ұйымшыл, білімді, тұрақты, ұғымтал, өз ойын нақты және түсінікті жеткізе алатын оқушылар көбірек ұнайды. Ал қисынсыз сұрақ қоятын, өз жұмысымен ғана айналысатын, тәуелсіз, көбіне түсініспеушілік туғызатын, қияли, әр нәрсеге көзқарасы бөлек оқушылар ұнамайды. П.Торранстың зерттеулері нақ осы қасиеттер оқушының шығармашылық дарындылығын көрсететін және оның нашар оқитын оқушылардың арасында да аз емес екендігін айқындаған. Сондықтан мұғалімдер осы зерттеулердің нәтижесін есте ұстағаны жөн. Дарынды оқушымен жұмыстың негізгі мақсаты – олардың шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру. Ал мақсатқа жету оқу бағдарламасын тереңдетіп оқыту және оқушының танымдық белсенділігін дамыту арқылы жүзеге асады. Дарынды оқушымен жұмыс жүйесіндегі мұғалім маңызды орын алады. Оқушының болашақтағы маман-дығына байланысты, яғни кәсіби тағдыры тек қана жақсы мұғалімге байланысты [4,306.].

Жаңашыл педагогтер оқушының жеке тұлғалық абыройын барынша құрметтеуге, оның шығарма-шылық қабілеттері мен бейімділіктерін, өздігімен ойлау қабілетін дамытуға, жағымды эмоциональдық педагогикалық үрдісті қалыптастырып, одан педагогикалық зорлықтың барлық түрін аластатуға бағыт-талған ізгіліктік стратегиясымен сипатталады.

Олардың тәжірибесі мына ережелерге негізделеді:

- оқытуды мұғалім мен оқушының өзара шығармашылық қарым-қатынасы ретінде қабылдау.
- күрделі мақсат идеясы (оқушының алдына барынша күрделі мақсат қойылып, оны орындай алатындығына сенімін нығайту);
- өзіндік талдау (оқушылардың жұмыс нәтижелерін жеке және ұжымдық талдау);
- ерікті таңдау (мұғалімнің оқу материалының жақсы меңгерілуі мақсатында сабақ;

уақытын өз бетінше пайдалануы);

– оқушылардың өзін-өзі шығармашылық басқаруы;

– тәрбиеге жеке тұлға тұрғысынан қарау;

– ата-аналармен ынтымақтастық құру. Сондай-ақ дарынды оқушылармен нәтижелі жұмыс жасайтын мұғалімнің кәсіби “бейнесі” мынадай қасиеттерден тұрады: жоғары кәсіби біліктілік, даралық қасиет, білімпаздық, ойлап табуға және ғылыми зертеу жұмысына қабілеттілік, кәсіби қызметін өздігінен жетілдіруге ұмтылушылық. Бүгінгі жас ұрпаққа жан-жақты білім беру, тәрбиелеу әрбір ұстаздың басты міндеті. Білім негізі мектепте қаланатын болғандықтан, оқушының жеке тұлғалық күшін дамыту, оның шығармашылық мүмкіндігінің дамуы басты рөл атқарып отыр. Олай болса, қазіргі ұстаздар қауымының алдындағы үлкен мақсат: өмірдің барлық саласындағы белсенді, шығармашылық іс-әрекетіне қабілетті, еркін және жан-жақты жетілген тұлға тәрбиелеу. Шығармашылық – бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылу, іздену. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі қажет. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өмірден өз орнын табуға көмектеседі. «Шығармашылық» ұғымының жалпы теориясын зерттеген С.Л. Рубинштейн «оқушы шығармашылығының ерекшелігі оның сапалы түрде мақсатты әрекет жасауымен анықталады» - дей келе, «шығармашылық, шешімінің нәтижесі баланың өзі үшін жаңалық болса жеткілікті» екендігін айтады, яғни баланың шығармашылық өнімді еңбегі оның жеке тәжірибесімен салыстырылады.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытудың өзектілігі төменде көрсетілгендей:

1. Өз бетімен оқуға, жұмыстануға дағдыланады.
2. Шығармашылық ізденіске жетелейді.
3. Өз ісіне деген сенім пайда болады.
4. Әр нәрсеге сын көзбен қарауға үйренеді.
5. Салыстыруға, қорытынды жасауға үйренеді.
6. Шығармашылық белсенділік артады.

Бүгінгі күні ХХІ ғасырдың ақпараттанған, жан-жақты мәдениетті, іскер, өмірге икемделген, бәсекеге қабілетті дарынды шәкірт тәрбиелеу барша ұстаздың міндеті. «Біздегі басты міндет – білім беруді жаңа сапамен және мазмұнмен толықтыру», – деген болатын елбасымыз кезекті Жолдауында. Бүгінгі күні ғылым мен техниканың даму деңгейі әрбір оқушыға сапалы және терең білімнің және іскерліктің керектігін талап етеді. Сол себепті де оқушылардың шығармашылық ойлауын дамыту, оқушының табиғи дарындылығын пайдалана отырып, ғылыми көзқарасы мен белсенділігін дамыту керек.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында педагог қызметкерлер оқушылардың мемлекеттік білім беру стандартында көздеген деңгейден төмен емес білім алуын қамтамасыз етуге жеке шығарма-шылық қабілеттерін дамуы үшін жағдай жасауға міндетті делінген. Мектепте алған білім баланың шығармашылық әлеуетін дамытуға мүмкіндік беріп оны өнімді, шығармашыл, өзіндік ойлауға үйретуі тиіс. Бүкіл бір халықтың ұстазы ұлы Абай өзінің қара сөзінде бала өмірге келгендегі қабілеттері әрі қарай дамытуды, шынға қажет ететінін, сонда ғана олар пайдаға асатынын жазған. Ал, назардан тыс қалған қабілеттер бара-бара жойылып, жоқ болатынын айтқан. Оқушының шығармашылық қабілеттерін дамыту және оны тәрбиелеу – бүгінгі таңдағы көкейтесті мәселелердің бірі. Шығармашылық – бүкіл тіршілік көзі. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығарма-шылықтың нәтижесі. Бұған бүкіл халықтық, жалпы және жеке адамның шығармашылығы арқылы келдік. Әр жаңа ұрпақ өзіне дейінгі ұрпақтың қол жеткен жетістіктерін меңгеріп қана қоймай, өз іс-әрекетінде сол жетістіктерді жаңа жағдайға бейімдей, жетілдіре отырып, барлық салада таңғажайып табыстарға қол жеткізеді. М.Жұмабаев өзінің «Педагогика» оқулығында бала дамуының мәселелерін көтереді. Ол үшін оның танымын, ақылын, еркін қалыптастыру керек екенін жазады. Баланың шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселелерін талдау ең алдымен «қабілет» ұғымының мәнін терең түсініп алуды талап етеді. Оқушы шығармашылығы практикалық

әрекеттер, ізденімпаздық арқылы дамиды. Шығармашылыққа үйрететін сабақтар – жаңа технологияларды қолдану болып табылады. Мұндай сабақтарда оқушыға ерекше ахуал, мұғалім мен оқушы арасында ынтымақтастық қатынас сақталады. Мұғалім бақылаушы емес, бағалаушы емес, танымдық іс-әрекетін ұйымдастыратын шығармашылық істердің ұйытқысы. Тек осындай оқыту ғана оқушы интеллектісінің көзін ашып, шығармашылығын дамытады [5, 5 б.].

Қазіргі кезде мектептің алдына қойылып отырған басты талаптардың бірі – рухани дүниесі бай, жан-жақты дамыған жеке тұлға тәрбиелеу. Баланың шығармашылық қабілетін дамытудың жолдары, құрал-дарын анықтау ертеден зерттеліп келеді. Оқушының шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселесін талдау, ең алдымен «қабілет» ұғымының мәнін терең түсінуді талап етеді. Шығармашылық ұғымын «жалпы интеллектуалдық қабілет» деп қарастыруға болады. Қабілеттілік репродуктивті, шығармашылық деп екі салаға бөлінеді:

- бірінші дәрежедегі қабілеті дамыған адам – білімді әрі жаңа жағдайды, іс-әрекетті тез қабылдайды.

- екінші дәрежедегі қабілеті дамыған адам – өзінің жеке іс-әрекетімен жаңалық ойлап табады, жаңаны қалыптастырады.

Баланың шығармашылық қабілеттерін дамытудың жолдарын, құралдарын анықтау психология мен педагогика ғылымдарында өте ертеден зерттеліп келеді. Шығармашылық әлемдік мәдениеттің барлық дәуіріндегі ойшылдардың назарында болғандығын «шығармашылық теориясын» жасауға деген көптеген ізденістердің болғандығынан байқауға болады. Бұл әрекеттер өзінің логикалық шегіне жеткен деп айтуға болмайды. Сондықтан шығармашылық педагогикасының негізгі мақсаты — бүгінгі күн талаптарынан туындаған, озық қоғамға лайықты жаңа сана, рухани сапа қалыптастыру және дамыту жолдары мен шешімдерін іздестіру болып табылады. Өмірдегі сан алуан қиындықты шеше білу тек шығармашыл адамның қолынан келеді. Шығармашыл адамның бойында батылдық, еркіндік, ұшқырлық, сезімталдық сияқты қасиеттер мен қатар ерекше ой қызметі, қайшылықтарды түсіну, заңдылықтарды анықтау, шығармашылыққа деген құштарлық болу керек.

«Шығармашылық» ұғымының жалпы теориясын зерттеген С.Л. Рубинштейн «Оқушы шығармашылығының ерекшелігі оның сапалы түрде мақсатты әрекет жасауымен анықталады» - дей келе, шығармашылық шешімнің нәтижесі, баланың өзі үшін жаңалық болса жеткілікті екендігін айтады яғни, баланың шығармашылық өнімді еңбегі оның жеке тәрбиесімен салыстырылады. [6,64б.] Оқушылардың шығармашылығын танымдық белсенділігін арттыруда шығармашылық сабақтарды өткізудің, оқушының өз беті-мен ізденіп, шығармашыл ой-өрісін арттыруда алатын маңызы өте ерекше. Шығармашылық тұлға бойында батылдық, еркіндік, ұшқырлық, сезімталдық сияқты қасиеттермен қатар ерекше ой қызметтері, қайшылықтарды түсіну, заңдылықтарды анықтау, шығармашылыққа деген құштарлық болуы керек. Оқушының шығармашылығына бағыт-бағдар беруді ең алғаш білім мазмұнына енгізген Мағжан Жұмабаев болатын. Ол балалардың ойларын дамыту туралы «Ойлау жанның өте бір терең ісі» - деп атап көрсете келіп, тәрбиеші баланың ойлап үйренуіне көп күш жұмсау керектігін ескертеді. Оқыту сабақтарының шығармашылық сипаты оқушының танымдық белсенділігін оятып, шығармашылық қабілеттерінің дамуына, тәртіптілік пен жолдастыққа, адамгершілік қасиеттеріне ісер етеді. Оқушының шығармашылық қабілеті тәжірибелік әрекеттері, ізденімпаздығы арқылы дамиды. Шығармашылыққа үйрететін сабақтар жаңа технологияларды қолдану болып табылады. Шығармашылық қабілетті дамыту мәселесі қай кезде де ойшылдар мен ғалымдардың назарындағы нысан болып келеді. Психологтар шығармашылық қабілетті дамытуды – тұлғаны дамытудың ең басты тетіктерінің бірі ретінде қарастырады, өйткені шығармашылық іс-әрекеттің нәтижесі оның қайталанбайтындығымен, бірегейлігімен ерекшеленеді.

Шығармашылық қызығуы қалыптасқан оқушылардың мынандай ерекшеліктері болады:

– балалардың өзіндік ойлау ерекшеліктері басым, түрлі болжамдар жасауға қабілетті, қиялы ұшқыр, өзін танытуға құштар;

- шығармашылықпен айналысуға ұмтылып тұрады, шығармашылық күшін сынауға тырысады;
- қиялдары жүйрік, бейнелер сомдауға шебер, жан дүниесі нәзік, лирик болып келеді, болмыстары поэзиядан құралады;
- бұл жастағылар ақыл-ой қабілеттілігін тек өзін қызықтырған іске бағыттайды, ал қызықтырмаған істе қалыпты білік-дағдыларымен шектеледі;
- оқушылар мазмұндама, мінездеме жазудан гөрі әңгіме, өлең, ертегі жазуға бейім [6,48б.]. Бүгінгі таңда білім саласының алдында дайын білімді, дағдыларды меңгеретін, қайталайтын ғана емес, шығармашылық бағытта жұмыс істейтін, тың жаңалықтар ашатын, біртума ойлау қабілетімен ерекшелінетін жеке тұлға қалыптастыру міндеті тұр.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. *Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру Жолдау Қазақстанның үшінші жаңғыруы, 12 сәуір, 2017.*
2. *Назарбаев Н. Біздің халқымыз жаңа өмірге бейімделуі керек//”Егемен Қазақстан”. 31 мамыр, 2000 ж.*
3. *Бабаева Ю.Д. Динамическая теория одаренности/Основные современные концепции творчества и одаренности. – Москва, 2000. – 275с.*
4. *Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы, 2000. – 240б.*
5. *Тұрғынбаева Б.А. Дамыта оқыту технологиялары. Алматы 2000. – 90б.*
6. *Тұрғынбаева Б.А. Ұстаздық шығармашылық. – Алматы 2007. – 154б.*

УДК 378.016

МРНТИ 14.35.09

Ж.А. Шажабоева¹

¹*Абай атындағы ҚазҰПУ, 6М010700 – Бейнелеу өнері және сызу мамандығының 2 курс студенті,
Ғылыми жетекші: п.ғ.д., профессор Жеделов К.О.*

ГРАФИКА ЖӘНЕ ЖОБАЛАУ САБАҚТАРЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ КОНСТРУКТИВТІ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада ертеңгі болашағымыздың жарқын болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдіреті күш тек білімге тән екендігі, білім беруді ізгілендіру, ақпараттандыру – бүгінгі заман талабы деуге болатынды айтылған. Қазіргі қоғамның ақпараттандырылу жағдайына сай, оқу пәндерінің бағыты, білім алушылардың компьютерлік графикалық бағдарламалар негізінде қалыптастыруға негізделетіндігі қарастырылған.

Қазіргі таңдағы оқыту үрдісі жаңа әдіс-тәсілдерді, жаңаша идеяларды қолдануды талап етеді. Әдістемелердің арасында конструктивті (сындарлы) ойлай отырып оқыту негізгі тәсілдің бірі. Конструктивті оқытудың негізгі бағыты – ойлауды дамытуы, өз бетінше білім алуы, шығармашылық жұмыс жасай отырып, алған білімін өмірде қолдана білуі, сын тұрғысынан ойлануы, басқаларды тыңдай зерделей отырып, әділ бағалауы деп айтуға болады. Конструктивті ойлау - бұл күрделі жағдайда да алаңдаушы-лықты дамытуға емес, жағдайдан шығудың белсенді жолын іздеуге бағытталған, шығармашылық ойлау тәсілі екендігі айтылған.

Түйін сөздер: графика және жобалау, конструктивті ойлау, проекция, сызу, әдіс-тәсіл, техникалық білім.

Аннотация

Шажабаетва Ж.А.

магистрант 1 курса КазНПУ им. Абая по специальности

6M010700–Изобразительное искусство и черчение

Научный руководитель: д.п.н., профессор Жеделов К.О.

РАЗВИТИЕ КОНСТРУКТИВНОГО МЫШЛЕНИЯ ШКОЛЬНИКОВ НА СОВРЕМЕННЫХ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЯХ

В этой статье мы можем сказать, что сила будущего человечества видна только в познании гуманности, гуманизация образования, информатизация является современным требованием. Согласно информационному обществу современного общества, направление академических дисциплин основано на формировании студентов на основе компьютерных графических программ.

Современный процесс обучения требует новых подходов и инновационных идей. Одним из основных способов обучения конструктивному мышлению является использование передовых методов. Основным направлением конструктивного обучения является мысль о развитии мышления, самообразования, творческой работы, умения использовать полученные знания, на практике критически мыслить, учиться и слушать других. Конструктивное мышление – это позитивный, творческий образ мышления, а не беспокойство, а наоборот активный способ выйти из ситуации.

Ключевые слова: информационные технологии, конструктивное мышление, проекция, черчение, методология, техническое образование.

Abstract

Shazhabaeva Zh.A.

KazNPU named after Abai, 6M010700 –Specialty: Fine arts and drawing, magister of the 1st course

Supervisor: Ph.d, professor Zhedelov K.

DEVELOPMENT OF CONSTRUCTIVE THINKING OF SCHOOLCHILDREN ON MODERN INNOVATIVE TECHNOLOGIES

In this article, we can say that the strength of the future of humanity consists only in human knowledge, humanization of education, and informatization is a modern requirement. According to the information society of modern society, the direction of the discipline "Drafting" is based on the formation of students on the basis of computer graphics programs.

The modern learning process requires new approaches and innovative ideas. One of the main ways to teach constructive thinking is to use best practices. The main direction of constructive learning is the thought about the development of thinking, self-education, creative work, the ability to use the knowledge gained, in practice critically think, learn and listen to others. Constructive thinking is a positive, creative way of thinking, not anxiety, but rather an active way to get out of the situation.

Key words: information technologies, constructive thinking, projection, drawing, methodology, technical education.

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың 2017 жылғы 31 қаңтар «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына жолдауының төртінші бөлімінде «Ең алдымен, білім беру жүйесінің рөлі өзгеруге тиіс. Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің

орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет. Сонымен бірге, IT-білімді, қаржылық сауаттылықты қалыптастыруға, ұлтжандылықты дамытуға баса көңіл бөлу керек» делінген болатын [1].

Бұл дегеніміз жас ұрпақты заман талабына сай білім нәрімен сусындата отырып, жаңа инновациялық әдістермен оқытуымыз қажет деп түсінем. Қазіргі білім беру саласында ақпараттық технологияның рөлі ерекше. Себебі, «XXI ғасыр – Ақпараттану ғасыры» болғандықтан, қазіргі қоғамда компьютерлік сауаттылықты тиімді пайдалану арқылы оқытушыларымызға білім берудің сапасын көтеру міндеттері қойылып отыр. Сол себепті әр өткізілетін сабақты жаңа инновациялық әдіс-тәсілдермен тиянақты етіп өткізілуі қажет. Яғни, оқытушы балалардың пәнге деген қызығушылығын арттыру үшін өз еңбегін аямай көп жұмыс жасауы тиіс.

Духовный мир суфия *Ақан сері*, утонченный психологизм его лирических переживаний обогатил поэтическую лексику его времени. В его песнях *наряду с традиционными фольклорно-поэтическими стереотипами гармонично сосуществуют новые, отражающие его новое мировоззрение, «образы-символы» суфизма*, которые он впервые встал выражать в своих песнях открыто и экспрессивно. Это – *махаббат-любовь, сую-целовать, любить и производные от него сүйікті-любимая.* Особенно, тогда как в мужских фольклорных песнях любовные чувства к девушке напрямую выражалось словами *іңкәрлік, ынтызарлық* – страсть, земное желание. У *Ақан сері* о любви говорится более сдержанно, часто в форме игры, легкой заинтересованности, либо намеком. Например, как в песне *Ақан сері «Жылқылы бай»:*

*...Тағатым қызды көріп тоқтай алмай,
Білектен ұстай алдым ұмтылып-ай.
Буыным былқ-сылқ етіп тұрған кезде,
Қолымнан шығып кетті жұлқынып-ай...*

Новое видение мира *Ақан сері* в свете суфийской поэтики, использование слов *махаббат* (заимствованное из арабского языка слово *мухайба*) и *ғашықтық* безусловно, придали его излияниям оттенок особой возвышенности и искренности. Подтверждением этому служат следующие отрывки из песен. Это: *«Жалганда, ғашық болған» («Нұрила»), «Ғашық ем мен де өзіңдей бір ботаға» («Көк көбелек»), «Қосыл-ған ғашық болып, қайран құрбым» («Мақпал»), «Ғашықпын қалқам, сырымды айтам» («Ақсаусақ»), «Жалындаған жүректің жастық отын, сөндіремші сүюші махаббатын» («Ақсаусақ»).*

Суфий *Ақан сері* – это Влюбленный, который опьянен чувствами к Возлюбленной: *Ғашықтық әуресінен боламын мас» («Ғашық жарға»).* Подобно поэтам-суфиям он часто говорит о невозможности устоять перед страстными любовными чувствами: *«Қалайша ғашық отқа сабыр қылам» («Жамал»), «Дауасыз сөнер емес, жанған өртің» («Ой, қалқа»), «Жалындаған жүректің жастық отын, сөндіремші сүюші махаббатын» («Ақсаусақ»), «Балқыған көңіл, таусылар ма, дауаламай» («Шамсиқамар»).*

Для *Ақан сері*, вставшего на путь постижения Истины – *Махаббат қайнаған су (Любовь* словно кипящая вода). В его песнях Махаббат – это и *ғашық от* (огонь любви), *жалындаған жүрек* (пламенеющее сердце), *балқыған көңіл* – горячее чувство (букв. плавящиеся) и т.д. По суфийскому мировоззрению, именно любовь – это огонь, которая сжигая «самость» ведет к постижению Божественного [4, 556]. Подтверждением являются строки *Ақан сері*, сохранившиеся в памяти народа:

*Етегі ақкөйлектің ілмеленген,
Қастарың хари́ф мәттей сүрмеленген.
Сүмбіл шаш, лағыл ерін, асыл қалқа,
Іші-баурым ғашық отпен тілмеленген.*

Впервые в песнях *Ақан сері* озвучены откровенные, интимные сцены любви, для описания которых он находил поэтические слова: *«Талай жерде бал бердің тіліңменен», «Түсімде ұйықтасам да жанымдасың» («Ақтоқты»), «Ақсаусақ, арманым жоқ. Бір болсақ-ай» («Ақсаусақ»).* Особенно ярко и подробно описана жизнь *сері* в песне *«Торыны таң асырып мінген қандай?»:*

... Қалқа жан, күле қарап: «жүр», – дегенде,

Ақ үйге есік ашып енген қандай.

*Жамылып екеу ара бір шапанды,
Айқасып тар төсекте жатқан қандай.
Мойныңа ақ білекті арта тастап,
Тіл дәмін бір-бірінен татқан қандай?!...*

В своих любовных песнях *Ақан сері*, опираясь на Тенгрианские космогонические представления казахов, использует их богатую и возвышенную лексику в описаниях неопишуемой красоты и совершенства девушки в духе восточных поэтов. Это такие поэтические сравнения: «Толықсыған жарқын жүз туган айдай» («Ақсаусақ»), «Бір жұлдыз бар әуеде шыр айналған» («Ақтоқты»).

С особым воодушевлением *Ақан сері* использует суфийские метафоры-символы идеальной красоты возлюбленной. Это такие воодушевляющие слушателей эпитеты, как *аузың бал*-медовые уста, *тілің шекер*-сладостный язык, *нәзік таңдай*-нежное небо; *лағыл маңдай*, *лағыл иек*, *лағыл шаш*-лоб, под-бородок, волосы как рубин; *сұмбіл шаш* или *шашың жібек*-прямые волосы как шелк, *қасың қанжар*-брови словно кинжал, *қалам қас*-брови, выведенные пером; *наркес көз*-пронзающие глаза и т.д.

Примером может служить песня «*Райхан гүл*», в которой параллельно сосуществуют как традиционные, так и взаимствованные из суфийской поэзии на фарси эпитеты:

*Ақ көйлек, қызыл камзол, лағыл маңдай,
Аузың бал, тілің шекер, нәзік таңдай.
Сұмбіл шаш, пісте мұрын, лағыл иек,
Шынардай он саусағың құлжа сүйек.*

По-разному нарекает *Ақан сері* свою единственную. Возлюбленная для него «*Гауһардан шыққан нәсіл тудың зада*» («*Үш тоты құс*») или «*Сен дағы Бағдатта Шамсиядай*» («*Шәмсиқамар*»).

Чаще всего возлюбленная в песнях *Ақан сері* предстает в образе цветка, плода, павлина *Иранбақ* (из райского сада). *Иран* (от перс. «Ирям») или *Иранбақ*, применяется в суфийской поэзии казахов. Миф повествует как тиран Шеддад, обладая властью над людьми и духами, решил на земле устроить подобие Рая. Легенда гласит что Шеддад умер не успев войти в свой Рай [5, 48].

Иранбақ в мифологии Востока – сказочный сад, где обитают *пері*-фантастические девы изумительной красоты. У восточных поэтов *Иран* часто является синонимом *жұмақ*-рая. Так воспевает *Ақан сері* в своих песнях: «*Иран бақтың гүліндейсің, піскен алма алқызыл түріндейсің*» («*Іңкәр-ай*») или «*Иранның Құсни-зия тотысындай*» («*Үш тоты құс*»).

К своим возлюбленным *Ақан сері* часто обращается *Перизат*-Ангел, буквально «рожденная от *пері*»: «*Нәзік гүл дертке дауа айтқанда атың, Жаралған перизатым, асыл затың*» («*Нәзік гүл*»). В восточной поэзии *пері* применяется в значении «красавица, само совершенство». Это идеализированный суфийский образ женской красоты, предстающий в облике идеальной Возлюбленной. По восточной легенде, *пері*, охраняемые сверхъестественными силами, пребывают в изумительном саду Ирам вблизи Кафа и владеют своим царством во главе с шахом [5, 88]. Мечтая о *пері* поэты мечтали об идеальном устройстве человеческого бытия, о земном рае.

В песнях *Ақан сері* встречаем распространенные в суфийской поэзии парные символы – **Влюбленный** – **Возлюбленная** и **Соловей** – **Роза**. Как и в суфийской поэзии поэт-певец *Ақан сері* – *бұлбұл*-соловей, который как и поэты-суфии испытывает муки любви (как известно, виртуозное пение соловья в поэзии Востока – это Любовь, самое блаженное чувство, либо плач, потеря любимой, или же тоска о рае и т.д.). Роза – это возлюбленная певца. По словарю суфийской тайнописи роза – это «сердце» самого человека [6].

Как известно, в казахской песенно-поэтической традиции роза имеет различные названия, которые фигурируют и в песнях *Ақан сері*. Это *райхан гүл*-сама роза или же *нәзік гүл*-нежный цветок, *қызыл гүл*-красный цветок. Существуют песни *Ақан сері* с одноименными названиями «*Райхангүл*» и «*Нәзікгүл*». Так, в поэтических строках выражает свои любовные томления *Ақан сері*: «*Біз бұлбұл қызыл гүлге тартқан сада*» или «*Бұлбұл құс қызыл гүлге болып іңкар*» («*Үш тоты құс*»).

Наделенный даром избранных личностей, являясь натурой глубоко религиозной и романтической *Ақан сері* стал одним из неповторимых певцов лирического плана. Он создатель *изысканного и утонченного стиля*[7]. Каждое его творение – это отражение его яркой индивидуальности. Ведь изысканный и утонченный песенный стиль *Ақан сері*– это прежде всего «гиперлиризация» и «гипераспевность» мелоса. Это так называемые «*қоңыр әндер*»-протяжные песни. В которых, традиционно мысля 7-8-мисложными мелодическими строками, с традиционным применением вставных слов, выступающих конструктивной единицей формообразования *Ақан сері* за счёт отточенности и изысканности всех слагаемых музыкаль-ной речи обогатил и усложнил форму этих песен.

Полную свободу развития мелодике песен *Ақан сері*, игнорирующей поэтические цезуры, дал новаторский приём *асинхронности стиха и напева*. Именно асинхронность как формообразующий принцип, гениально использованный в творчестве *Ақан сері*, стал ярко индивидуальной чертой лири-ческого стиля. Высвобождение мелодического потенциала ведёт к образованию широкого мелодического распева, и в целом оно создаёт особую целостность песни за счёт текучей слитности мелодического движения. Как композиционный прием асинхронность получил самое многообразное преломление в его творчестве.

Каждое сочинение *Ақан сері* – это воплощение утонченности и чистоты его души. Не случайно творческий путь *Ақан сері*овеян необычайно красивыми, загадочными легендами, историями создания песен, сохранившимися в памяти народа [8]. Суфийскому мировоззрению соответствует история создания песни «*Үш тоты құс*». По биографическим источникам, после подстроеной врагами гибели его любимого коня *Құлагера*, *Ақан сері* после пережитых страданий теряет интерес ко всему окружающему. Он отказывается от земных благ, от общения с людьми и принимает образ жизни *сопы*-суфия аскета. *Ақан сері* уходит от мира, где нет справедливости, и встает на путь самосовершенствования и очищения.

Не видя певца, не наслаждаясь его пением, народ стал слагать о нем красивые истории, полные загадочности и таинства. В народе разошлась молва «*Ақанға пері иеленіпті*». Якобы, чтобы излечить душевную боль его стали посещать в ночи сказочные *пері* – волшебные существа восточной мифологии, охраняющие людей от злых духов в образе прекрасных крылатых женщин [9, 221].

В целом, «*періге иелену*»-воссоединение с *пері* характерно для всего рода *Ақан сері*. Как известно, их стоянка *Қоскөл* древности считалось местом обитания *пері*-дев. Отец *Қорамса*, говорили, был не от мира сего. Временами, отчуждаясь от мирской жизни, он встречался со своей будущей супругой в образе *пері*. Легенда гласила, что соединила его с *пері*, его мать-*пері*. Как пишет Магжан Жумабаев, было много свидетелей, которые своими глазами видели *пері*, посещающих *Ақан сері* в ночи. Среди них простой житель аула *Әбіш*. По его словам, музыканта посетили Три Женщины: первая – *бәйбіше*-старшая жена *Қорамсы*, вторая – их дочь, третья – суженая *Ақана сері*. *Бәйбіше* сватала младшую за *Әбіша*, но он стал их прогонять. Впоследствии *Әбіш* стал душевнобольным и глуховатым[8].

Появления в видениях *Ақан сері* трех красавиц, к тому же в образе павлинов райского сада *Иранбақ* не случайно. В казахских мифах посещение мифических героев Тремя Женщинами в образе *пері* закономерно. Ведь в у казахов существуют многочисленные сказки, мифы и предания о трех девушках (Женщинах), которые связаны с древними представлениями о трехчастной модели Мироздания. Именно, они – Три Женщины (*пері*), являлись проводниками в иные миры при инициации главного героя, проецируют собой трехмерное (Верхний, Средний, Нижний миры) строение Мироздания [9, 278].

Упоминания Трех неземных красавиц в образе *тотықұс*-павлина в песнях *Ақан сері* также не случайно. Ведь на Востоке павлин является символом космоса, звездного неба, лунного и солнечного круга. Это символ изобилия, плодородия и бессмертия. Глаз павлина ассоциируется с Оком Сердца. По иранско-суфийскому мифу Бог сотворил мировой дух в образе павлина. В Иране павлины, стоящие с двух сторон Древа Жизни, символизируют дуализм и двойственную природу человека. Они символизируют также царскую власть: трон персидских шахов назывался «павлиньим тронном» [6]. Таким образом, образ павлина – это духовное богатство, свет.

*Мен бүгін ұйықтап жатып көрдім бір түс,
Көркенім бақ Иранда үш тоты құс.
Сап алтын Сахи, Пәруаз, Сәруа дана,
Көргенде жамалыңды көңілім хош.*

В целом, любовная лирика суфия *Ақан сері* – это описание реально пережитых им трагических, в тоже время возвышенных духовных чувств и переживаний, когда земная неразделенная любовь всегда несёт в себе частицу Божественного света, отблеск идеальной любви. Ведь, несмотря на пережитые утраты и разочарования в любви, *Ақан сері* оставался верен образу жизни «*сері*» и всю свою жизнь неустанно искал свою мечту, «девушку-совершенство». Ярким примером является песня «*Маңмаңгер*». В ней слышатся глубокая печаль и боль путника, которая предоставила ему судьба: «*Сыдыртып Маңмаңгермен келе жатып, Осынау ән күйіндіріп түсті есіме*». В песне, восхищаясь другом-скакуном, *Ақан сері* делится с ним своими сокровенными мыслями и чаяниями. Главной фабулой песни являются строки: «*Ақ көйлек, дүрия бешпент сәулем қайда?*».

Тоска несбыточной мечте, которую испытывает *Ақан сері* подобно суфийскому символу *көбелек-мотылька*, отражено в одноименной песне «*Көк көбелек*».

«*Көк көбелек*» – это отражение духовной сущности *Ақан сері*. *Көбелек-мотылек* – это символ гибельного, но неодолимого влечения певца-поэта. Ведь, в восточной поэзии *мотылек* (или бабочка) – это крылатое существо летящее к пламени, и сгорая в нем, что символизировало слияние с Абсолютом, достигаемого жертвенным уничтожением самой личности. Ибо по воззрению восточных поэтов именно «пыл любви к Богу сжигает сердце» [10]. *Мотылек и свеча* – один из излюбленных парных символов восточной поэзии. Мотылек по *Ақан сері* это – не земной, а небесный «*көк көбелек*» (*көк* - «голубой»), применяется в значении «небесный») – это цвет *Тенгри*.

В традиционной песне порой поэтический текст может не восприниматься соответственно истинному замыслу автора. Для неискушенного слушателя «*Көк көбелек*» – это песня «*аңсау-сағыныш*», песня о неразделенной любви, о страстной тоске по земной возлюбленной. А *Ақан сері* пел о несбыточной мечте, воплощенной в суфийском символе небесного мотылька «*Көк көбелек*».

*Әуеде ұшып жүрген көк көбелек,
Жазайын дертің болса су себелеп.
Кеткенде аулың шалғай, ей, перизат,
Жортайын аш бөрідей тау жебелеп.*

*Аулым көшсе қонар Көлқонаға,
Ғашық ем, менде өзіңдей бір ботаға.
Кебістің жалаң аяқ басын киіп,
Шығарып салушы едің тең ортаға.*

удлинения поэтической строки (между первыми двумя поэтическими строками в запевной части). Но для *Ақан сері* характерен свой, индивидуальный механизм использования этого приема. В данном сочинении *Ақан сері* как бы заново «перекраивает» твердо сложившуюся в песнях других авторов систему членения 11-тисложника на мелодические строки, характерные для 7-8-тисложных размеров песен. Так, в «*Көк көбелек*» за счет асинхронности между первыми двумя строками образуются три 7-8-тисложные мелодические строки – 7+7+8, вместо традиционных четырех. Каждая мелодическая строка четко разделена (помимо внешнего признака, где каждой мелодической строке характерна замкнутая, ритмическая формульность) за счет остановки на опорных тонах V ступени (*I-мелострока*), IV ступень становится опорой в результате мелодизации начальной обрядовой субкварты, построенной перво-начальном бунаке (*II-мелострока*) и I ступень (*III-мелострока*). На стыке несовпадения поэтической структуры с мелодическим членением II-я мелодическая строка чаще обособлена за счет остановки на устое песни, а III-я мелодическая строка, хотя и заканчивается на устое, придает общей композиции песни характер незавершенности (так как вместо 4-х мелодических строк, за счет асинхронности стало всего 3 мелодических строки). Несложное лаконичное *қайырма*, звучащее на мотиве запевной части (в фольклорных традициях) лишь с той разницей, где опеваются основная ладовая опора песни «ре-соль» – это по сути припевное дополнение песни, построенное на словах, лишенных лексического значения (*халыяқулилай*), которое не изолируется от куплета песни, а представляет единое мелодическое целое с запевной частью. Таким образом, *алексикалық қайырма* – алексическое припевное дополнение песни компенсирует недостающее метрическое время запева и является средством выравнивания общей архитектоники песни.

Таким образом, в песне слитность мелоса обеспечивается наличием сквозной мелодической линии, объединяющей запевную и припевную части, создает ту *неповторимую легкость и «мимолетность» мелодического изложения*, которое присуще именно этой песне. Так, изысканная музыкальная стилистика «*Көк көбелек*» дает приблизиться к разгадке тайны этого сочинения.

Как сказал Руми, сущность поэта – это великая возможность языком намека выразить таинство, в которой «Слова – лишь гнезда, их значения – крылатые создания в полете». Подобно «*көк көбелек*» – небесному существу *Ақан сері* ассоциировал себя мотыльком, который несмотря на предназначенное ему тяжелое бремя судьбы жил мечтами и надеждой на гармоничное, абсолютное будущее. Его будущее – это мир в котором он приобретет свободу и будет находится в состоянии вечной и истинной Любви. *Ақан сері* воспел свою мечту: «*Естіген тыңдап, құлақ салар ма екен?... Байлаудан босанар кун болар ма екен?*» – «Услышат ли мои песни, обрету ли я желанную Свободу?».

Список использованной литературы

1. Оспан Б. Тенгри в казахской поэзии // *Тенгрианство и эпическое наследие народов Евразии: истоки и современность (материалы VI межд. научно-практ. конф.)*. – Астана, 2017. – 298-305.
2. Мухамбетова А. Генология музыкально-поэтической культуры казахов и её профессиональные носители. *Центрально-Азиатский Искусствоведческий Журнал. КазНАИ им.Т.Жургенова*. – Алматы, 2016. №4.
3. Байбек А. Песенное искусство салов и сері: музыкальный стиль как единство социально-художественных функций // «*Наука и жизнь Казахстана*» (межд. научно-популярный журнал). – № 4 (62), 2018.
4. Шакирова Р. Феномен любви в Суфийском учении Ходжт Ахмеда Яссави // *Культурное наследие Казахстана (материалы межд. науч. конф.)*. – Алматы, 2005.
5. Рустемов Л. Слово о слове. Заметки об арабско-иранских заимствованиях в казахском языке. – Алматы, 1991.

6. Словарь суфийской тайнописи – Сокровища народов мира [Электрон. ресурс]. – URL: <http://sokrnarmira.ru> (дата обращения: 10.07.2018)
7. Байбек А. Песенный стиль Арки в контексте «Этносольфеджио» /Автореферат канд. иск. – Алматы, 2009.
8. Жұмбаев М. Ақан сері // Жұмбаев М. Шығармалары. – Алматы, 1989.
9. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. Үшінші кітап. – Алматы, 2004.
10. Дроздов В. Мистическая любовь в Аранском суфизме // Суфизм в Иране и Центральной Азии. Сборник статей. – Алматы, 2007. – С.99-109.
11. Абдрахман Г. О некоторых композиционных средствах казахской устно-профессиональной песни // Мелодии веков. – Алматы, 2002.

ӘОЖ 76.03(574)

Р.Р.Берікбол¹

¹«Бейнелеу өнері және сызу» мамандығының I курс докторанты.

Абай атында Қазақ ұлттық педагогикалық университеті.

Ғылыми жетекші: п. г. д., профессор Нұрдаулет Еркінұлы Исабек

Абай атында Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің

«Өнер, мәдениет және спорт» институтының директоры

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ ЭСТЕТИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІҢ КӨКЕЙКЕСТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.

Аңдатпа

Мақалада өнер туындылары арқылы этнокөркем мәдениеттің бір-біріне тәуелді «көркемдік мәдениет», «эстетикалық мәдениет», «этникалық мәдениет», «рухани адамгершілік мәдениет» сияқты құрамдас бөліктері айналып өте алмайтындығымыз айтылып, эстетикалық мәдениет қарастырылады. Жұмысымызда эстетикалық мәдениет оның әлеуметтік-рухани өмірде болған өзгерістер байланысты білім беру үдерісіндегі рөлі қарастырылған. Қазақстан бейнелеу өнері шеберлерінің туындыларының көркемдік келбеті мен мазмұны талданып, болашақ бейнелеу өнері мамандарының бойында этнокөркем мәдениетін қалыптастырудағы маңыздылығына тоқталды. Болашақ бейнелеу өнері мамандарына этно-көркемдік мәдениетті қалыптастыруда әлемдік және ұлттық бейнелеу өнерімен шектелмей, ұлттық архитектуралық өнер түрлерін барынша тиімді пайдалана білу олардың көркем эстетикалық және кеңістіктік ой-өрісін дамытуда қолайлы жағдай жасайтындығы айтылады.

Түйін сөздер: Петроглиф, сурет, графика, этнокоркем мәдениет, композиция, мотив эстетикалық мәдениет. сәндік-қолданбалы өнер, ою-өрнек

Аннотация

Берикбол Р.Р.

докторанты I курса специальности «Изобразительное искусство и рисование».

Казахский национальный педагогический университет им. Абая.

Научный руководитель: д.п.н., профессор Исабек Нурдаулет Эркинович

Казахский национальный педагогический университет им. Абая

директор Института искусств, культуры и спорта.

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ЭСТЕТИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ В ОБУЧЕНИЕ ПРЕДМЕТА ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОГО ИСКУССТВА

В статье говорится о таких частях этнохудожественной культуры, как «художественная культура», «эстетическая культура», «этническая культура», «духовная нравственная культура», которые взаимосвязаны и представляют собой неотъемлемую часть единого целого. В нашей работе рассматривается роль эстетической культуры в социальной – духовной жизни и в учебном процессе. Был проанализирован художественный облик и содержание произведений мастеров изобразительного искусства Казахстана и подчеркнута важность будущих художников в формировании этнохудожественной культуры.

Примечательно, что будущие учителя изобразительного искусства смогут максимально использовать национальное архитектурное искусство, не ограничиваясь мировым и национальным изобразительным искусством в формировании этнохудожественной культуры, и создать благоприятные условия для их художественного эстетического и пространственного мышления.

Ключевые слова: Петроглиф, рисунок, графика, этнохудожественная культура, композиция, мотив, эстетическая культура, декоративно-прикладное искусство, орнамент.

Abstract

Berikbol R.R.

1st year Doctoral student of the specialty «Fine art and drawing»

Kazakh National pedagogical university named after Abai.

Scientific supervisor: doctor of pedagogical sciences, professor Isabek Nurdaulet Erkinuly

director of the institute of «Art, culture and sport»

Kazakh National pedagogical university named after Abai

ACTUAL PROBLEMS OF AESTHETIC CULTURE IN TEACHING FINE ART

Aesthetic culture and composite parts as «art culture», «aesthetic culture», «ethnic culture», «spiritual humanitarian culture» related to ethnoaesthetic culture through art works are considered in this article. In our work aesthetic culture and its role in educative process according to changes in social-spiritual life are considered. Art figure and content of the works of specialists of fine art in Kazakhstan are analyzed and we stopped at the importance of forming ethnoart culture of future specialists of fine art. We should not be limited with the world and national fine art while forming ethnoart culture of future specialists of fine art, effective usage of national architectonic art types and effective condition in developing their art aesthetic space outlook are told in our article.

Key words: Petroglyph, drawing, graphic arts, ethno-cultural culture, composition, motive, aesthetic culture, arts and

crafts, ornament.

Этнокөркем мәдениеттің бір-біріне тәуелді құрамдас бөліктері бар. Болашақ маманның этнокөркем мәдениетін қалыптастыруда оның ажырамас құрамдас бөліктерін айналып өте алмаймыз. оның құрамдас бөлігі ретінде «эстетикалық мәдениет», «көркемдік мәдениет», «этникалық мәдениет», «рухани адамгер-шілік мәдениет» айтамыз. Өнер туындыларын олардың мазмұны мен келбетін қарастыруда эстетикалық мәдениет маңызды орын алады.

Эстетикалық мәдениет – өзінің көп қабаттылығымен сипатталатын күрделі құрылым. Қандай да болмасын қоғамның эстетикалық мәдениетінің ілгерілемелі дамуы әлеуметтік прогрестің маңызды белгісі болып табылады. Белгілі бір ұлттың эстетикалық мәдениетінің бірте-бірте қалыптасуы жылдар бойына созылатын ұзақ үрдіс.

Халықтар мен ұлттардың эстетикалық санасы қоғамда қалыптасқан эстетикалық көзқарастар, арнайы дәстүрлер негізінде құралады. Жалпы мәдениет сияқты эстетикалық мәдениет те қоғамның белгілі бір тарихи кезеңімен байланыстырылады.

Тарихи дамудың әр түрлі кезеңдерінде әрбір ұлт, әлеуметтік топ өзінің эстетикалық мәдениетін, әсемдік туралы өз көзқарасы мен ұғымдарын қалыптастырады. Кез келген эстетикалық ұғым, көркем шығарма және ұлттың эстетикалық мәдениеті арқылы қалыптасады. Эстетикалық көзқарас түбірлері кейде ұмытылғанымен ұзақ сұрыптау барысында бұл көзқарас кейде ұлттық эстетикалық сананың бір элементіне айналады. Қ.Ш.Нұрланова былай деп жазды: “қазақтарда адамның Ғаламмен өзара байла-нысын сезіну нәресте кезден беріледі, сондықтан бұл дүниетанымдық мәдениет абстракциялық маңыз-дылық деңгейінде қалып қоймай, әлем мен жанның бірегейлігі сезіміне ауысады және бұл рухани ішкі сезім терең қанағатшылдыққа толы болады. Әлемге деген бұл қатынастың түбірі тереңде жатқандықтан болмыс құпиясына, өмір құпиясына жақындатады және сондықтан әрбір адам өмірінің мәнділігі өмірдің өз сыйы сияқты шексіз. Адам өмірінің өн бойын алып жатқан бұл қатынастар өмірдің барлық алуан түрлі қатынастарына қайталанбас рең бере отырып, әрбір адамның бай рухани өмірін түсінуге септігін тигізеді” [1, 136.]. Эстетикалық ғылымның қак ортасында өнер тұр. Өнер – адамзат өмір жолының ең ертедегі формаларының бірі болып келеді. Адамның әлемге көзқарасы эстетикалық тұрғыдан алғанда, қоғамда болып жатқан құбылыстармен тығыз байланысты. Өнер де қоғамдағы құбылыстың ортасында тұрады. Бейнелеу өнері болсын өнердің қай бір түрі болсын өз шығармаларында қоғамдағы, өмірдегі болып жатқан құбылыстарды көрсеткендей оны айналып өте алмайды.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы әлеуметтік және рухани өмірдегі жаңа бетбұрыстарға сәйкес жаңа талаптар қойып отырған кезде, бейнелеу өнері мамандарын дайындайтын жоғары оқу орындары заман талап-тілектері тудырған мәселелерге сай қайта қаралып, жаңаша жасақталуға тиіс.

Қоғамның рухани өміріндегі өзгерістер біз үшін екі мәселеге өз көз қарасымызды білдіруді қажет етеді. Біз бұрын-соңды көркем фильмдерге, әдебиетке, көркем өнер шығармаларына қойылған цензураға үйренгеніміз соншалық жаманды сірә да шығармайтындығы белгілі, ал біздің назарымызға ұсынылған нәрседен тәрбиелік қортынды шығару көп қиындық тудырмайтын. Енді біз күнделікті көрмелерден бойымыз үйренген реалистік шығармаларды ғана емес, әр түрлі бағыттағы, түрлі стильдегі жұмыстарды байқаймыз. Бұл айналып өтуге болмайтын шындық.

Грек философы Демокриттің мынадай айтып кеткен сөзі бар: “Қандайда бір өнерді, не бір ғылымды оқытусыз меңгеруге болмайды” [2, 346.]. Көркем білім беретін оқу орындары бұл шындықтан тыс қалуға мүмкіндігі жоқ. Біз ұрпақты білімді етіп қалыптастыру үшін әлемдік мәдениетпен де, қазір таңда жаңа қарқынмен заман сұраныстарымен үйлесе дамып келе жатқан ұлттық мұрамызбен де таныстыру, барынша тереңірек мағлұмат беру мүмкіндіктерін ескеруге тиіспіз. Бұл мәселенің бір жағы болса, оның екінші жағы “жақсы мен жаманды”, “келіссіздік пен үндестікті”, “жоғары мәдени үлгі мен талғамсыз дүниелерді” ажырата білуге, осыларға өзіндік ұстанымын қалыптастыруға жағдай жасау. Студенттің бойында эстетикалық

келістілік, жарасымдылық, талғампаздылық қасиеттерімен бірге оның білімін мағлұматтылығын жетілдіру, эстетикалық қасиетке ынтасын орнату, ықыласын қалыптастыру, ол жөнін-де өз пікірін білдіре білуге үйрету қазіргі заман талабына сәйкес келеді деп ойлаймын. Осы жағдайда, әрине эстетикалық тәрбиенің маңызы зор. Олай дейтініміз өнерді, оның құндылықтарын бағалауда және көркемдік образ сомдауда қалыптасқан өзіндік “зандылықтар” болады. Ол заңдылықтар өнерді “жақсы-жаман”, “әдемі - әдемі емес”, бейнелеу өнеріне қатысты “ұқсас-ұқсас емес” деген критерийлермен анықталады [3]. Енді осы реалистік өнер заңдылықтары мен критерийлеріне деген бірден-бір позиция-лық, соның ішінде социалистік реализм тұрғысынан алғандағы талап-тілектерге жаңаша көзқарастар қалыптаса бастады. Оның орнына жаңа құндылықтар жетекші орынға шықты. Соның ішінде әртүрлі формадағы абстракциялық композицияларға, өзіміздің дәстүрлі өнерімізді ұғу, меңгеру барысындағы рухани бастауларға ықылас байқалады.



«1-сурет» Г.Исмаилованың натюрморты «Қымыз»

Адамзат мәдениетінде халық өнерімен тұтас сабақтастықтан пайда болған көркем шығармалар ерекше құндылықтар қатарында тұрады.

Қазақстан графика, кескіндеме, мүсін және сәулет өнерінде кейінгі жылдары өте жоғары қарқынмен дамып келе жатқан киім үлгілерін модельдеу өнерінде де халық өнерімен синтезде байланыс іздеу, табиғи шығармашылықтың негізгі көзінің біріне айналды. Суретшілер С.Мәмбеев, А.Ғалымбаева, Г.Исмаилова, С.Айтпаев, Е.Сидоркин еңбектерінде осы дәстүрді көру қиынға соқпайды. Мысалы 1 сурет Г.Исмаилова-ның натюрморты “Қымыз”(1966)

Белгілі график Е.Сидоркиннің шығармашылық еңбегінің негізі халық қолөнері мұрасынан бастау алады десек қателеспейміз. Суретші парақтарына көз тастасаңыз ежелгі археологиялық қазбалардан табылған әшекей нақыштар бейнесінен ұқсастық аңғарамыз. Суретші көне дәуір символдық мотивтерінен жаңа ырғақтар, жаңа нұсқадағы бейнелік кейіп ұстамды композициялық құрылымдарды дөп басып қарастыра білген [4].

Бұл бейнелеу өнеріндегі тапқырлық, халық өнерінің негізіндегі жаңа тәжірибелік ізденіс.

Кеңес өкіметі тарағаннан кейін әлем картасында жаңа тәуелсіз Қазақстан мемлекеті пайда болды. Қай жерде, қашан болса да қоғам мен мәдениеттегі өзгерістер кезеңдерін айрықша атап көрсететін бір ерекше-лігі болады. Ол әрқашан мәдени игіліктерді қайта қараудан басталады. Әрине өнер өміріндегі күрделі бетбұрыстардың барысында дәстүр мен жанашылдық жөніндегі айтыс-тартыстардың болатынын жоққа шығара алмаймыз.

90-шы жылдардан кейін бейнелеу өнері әлеміне суретшілердің жаңа буыны, бейнелеу өнерінде жаңа

ағымдар пайда болды. Ә.Сыдыханов, Ғ.Маданов, А.Иханова, Ж.Үмбетов, А.Меңілбаева, Н.Өтепбаев. т.б. Осы суретшілердің бәрін біріктіретін шығармашылықтарындағы ортақ тақырып мәдениеттегі ұлттық тамырларға саналы түрде бет бұру. Ұлттық мәдени құндылықтар шығармашылық жұмыстардың арқауы болды.

Абдрашит Сыдыханов рулық таңбалар мен космогониялық белгілердің сұлулығы мен тереңдігін бізге ашып көрсетті.





«2–сурет» Абдрашит Сыдыханов «Мәңгілік әуен»


Олардың түсінігі бойынша, дәстүр ол ең алдымен бүкіл болмыстың бүтіндігі жөніндегі түпкілікті ұғымдарды білдіретін мәндік-мағыналық жүйе болып табылады. Айнала қоршаған дүниеде еркін бағыт ұстанған олар мәдениетті де көп қырлы болатын құрылым ретінде сезінеді. Ал сан қырлы мәдениет әлемінде бір мезгілде бірнеше мәдениеттің толысуымен қимыл-әрекеттері жағынан бір-біріне ұқсамайтын бірнеше дәстүр қатар өмір сүрді.

Қазақтың қолданбалы өнерінде дәстүрлі саналатын материалдарды шебер игеру халық өнерінің ең биік шыңы. Оларды өңдеудің ең жақсы тәсілдерімен бірге теріден, ағаштан, киізден жасалған дүниелердің жаңаша көркемдік қасиетінен де хабар береді. А.Иханова мен Ж.Үмбетов тамаша көркемдік қасиет-терін сараланатын қолөнердің шын мәніндегі жаңа түрін жасап шықты, ал Ә.Меңілбаева киізге қазіргі заманға сай өткен мән, әуен бере отырып, ең дәстүрлі деп көпке танымал кәсіптің көкжиегін біраз кеңейткен [5].

Өнер зерттеуші, графика суретші Н. Өтепбаевқа шығармашылық жұмыстарындағы анықталған бейнелеу тәсілдерінің шеңбері тар көрінді. Қазіргі таңда шығармашылық жұмысының басты тақырыбы қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерінің бастауын, ою-өрнектің тарихын және мәдениетін зерттей келіп, мұнда ол сарқылмас шабыттың бұлақ көзін табады. Жануарлар бейнелері негізін құрайтын элементтер оюдың жаңа заманға сай келетін графикалық композицияларын құрайды.



«3-сурет» Н.Өтепбаев ою-өрнекті композициялар



4-сурет. Н.Өтепбаев ою-өрнекті композициялар

Сайып келгенде халықтың мәдени құндылықтары мен синтезде жасалған өнер туындылары ерекше құндылықтар қатарына жатады. Бейнелеу өнері негізінде эстетикалық тәрбие мәселесін педагогикалық проблема ретінде қойған кезде біз әрине алдымен осы түсініктің өзіне анықтама жасап аламыз. Қазіргі кезде “эстетикалық тәрбие” дегеннің орнына “көркемдік тәрбие” деген сөз тіркесі көп қолданылады. Ол түсінікті де. Себебі “көркемдік тәрбие” – бағытталған, нақты проблема. Біздің жағдайымызда ол бейнелеу өнері арқылы оқушының біліктілігін арттырып, іскерлігін жетілдіреді. Сондықтан “көркемдік тәрбиенің” мағынасы спецификалық өрісі бағытында тарайды. Шын мәнінде “эстетикалық тәрбиенің” мағынасы кеңірек. Ол көркемөнер шығармасын неғұрлым терең түсініп, оған баға берумен бірге өзіндік ұстаным қалыптастыруды көздейді. Сондықтан мұнда көркемдік тәрбие компонент ретінде ғана орын алады. Тәрбиенің педагогикалық мәселелері психологиялық эстетикалық, этникалық, дүниетанымдық, дала даналығы, философиялық проблемаларды да қамтиды. Ол өнер тарихы мен теориясын, сонымен бірге талғам, сезім, эмоция, рационалды және иррационалды ой-сана, мазмұн мен форма секілді философиялық категориялармен тығыз байланысты. Бұл бейнелеу өнері шығармаларын көркем-эстетикалық пайымдау, қабылдау, бағалау, талдау мәселелеріне қатысты түсінік. Осыған байланысты эстетикалық тәрбиенің ауқымы кеңіп, мазмұны тереңдей түседі.

Оқу барысында өнер ұстаздары студенттің практикалық машықтылығы жетілдіруді ғана көздейді және соған баса назар аударады. Соның салдарынан оқу, біржақты күйінде дамиды. Іс жүзінде өнер шығармалары оқушыдан жан-жақты білімді талап етеді. Ол эстетика ғылымының қағидаларын оқып білу, өнертану, көркем шығармаларды бағалай білу мәселелері т.с.с. Бейнелеу өнерін оқыту негізінен оқушы-лардың бойында мынандай қасиеттерін қалыптастырып дамытуға жағдай жасайды деп есептейміз.

а)мәнді деп табылатын шығармалар мен кейбір авторлардың аттарын білу жасөспірімдердің визуальді және вербальді мәдениетін қалыптастырып, эстетикалық сезімдік тәжірибесін молайтады;

ә) студенттердің кейбір өнертану терминдері мен ұғымдарын түсіне білуі өнердің образды мәнін тереңірек пайымдауға жағдай жасайды;

б) бейнелеу өнері шығармасына деген өзінің қатынасын айналасындағыларға түсінікті етіп жеткізе білуге үйретеді;

в) көркем шығарманың мазмұны тереңдігі мен форма үйлесімділігін сәйкес неғұрлым толқынды қабылдай білуге қолайлы жағдай тудырады;

г) студенттерге эстетикалық тәрбие беру барысында ұлттық мәдени мол қазынаны, рухани тәжіри-бені тануға үйрету студенттердің ұлтжандық қасиетін қалыптастырып қоймай, оның сезімін тәрбиелеп, көркем талғамын жетілдіруде игі әсер етеді.

д) студенттерге эстетикалық тәрбие беру барысында әлемдік және ұлттық бейнелеу өнерімен шектелмей, ұлттық архитектуроналық өнер түрлерін барынша тиімді пайдалана білу олардың көркем эстетикалық және кеңістіктік ой-өрісін дамытуда қолайлы жағдай жасайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Орта білімді дамыту тұжырымдамасы // Қазақстан мұғалімі.-1997. – 13 маусым № 14 (2932).

2. Овсянников М.Ф., Зись А.Я., Ваислов В.В. история эстетической мысли, 3 т. – М., 1986.

3. Кішідеков Д., Сыдықов Ұ. Философия. – А.: “Нұр”, 2002ж.

4. Ғабитов Т.Х. Философия. – А.: “Қаржы-Қаражат”, 2002ж.

5. Сыдыханов А., Васильев В., Көпбосынов Р. Каталог, Қазақстанның қазіргі суретшілер сериясы. – А.: “Сорос-Қазақстан қоры”, 1995ж.

6. Мурадова Э.Х. Подготовка студентов художественно-графических факультетов к осуществлению эстетического воспитания школьников// Оптимизация процесса художественного воспитания учащихся на основе новых программ по изобразительному искусству для школ Казахстана. – А.: Казахский педагогический институт имени Абая, 1986. – 90 с. – С. 50-55.(53-54).

ӘОЖ 323, 28 (574)

МРНТИ 18.09

А.Т. Байтасова¹

¹М.Әуезов атындағы ОҚМУ, 6М041400 – «Графика» мамандығының 2 курс магистранты, Шымкент қ., Қазақстан aika_bt@bk.ru

Ғылыми жетекші: С.Қ. Бейсенбаевн.ғ.д., ҚР ПҒА академигі,

Халықаралық Педагогикалық Білім Беру Академиясының академигі, М.Әуезов атындағы ОҚМУ Әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры,

Шымкент қ., Қазақстан bei-sad@mail.ru

ӘЛЕУМЕТТІК ПЛАКАТ – ГРАФИКАЛЫҚ ӨНЕР ТҮРІ

Аңдатпа

Мақалада әлеуметтік плакатты плакаттың басқа жанрлық түрлерінен ерекшелейтін мағыналық және тақырыптық айырмашылығы айқындалды. Оның әсерлі көркем бейнені қалыптастырудағы негізгі құралдарына талдау жасалынып, заманауи әлеуметтік плакатта пайда болған тенденцияларды талдау бұл феноменнің екі полярлы түрін бөліп көрсетуге болатыны көрсетілді. Әлеуметтік плакаттың тек формалды сипаттамаларын назарға ала отырып, қазіргі суретшілерге қандай тенденцияларды қолдау және күшейту қажет екені келтірілді. Әлеуметтік плакаттың үлкен тәрбиелік мәні бар, мәдениет пен қоғамның гуманистік құндылықтарын таныстыратын, дизайнның негізгі құндылықтарын насихаттаушы болып табылатын-дықтан, жас суретшілер мен дизайн-графика саласындағы жас мамандардың құндылықтарына оң бағытта әсер етуіне мән берілді. Сонымен қатар, білікті де талантты мамандарды даярлау мақсатында оқу-білім беру үдерістерінде әлеуметтік плакаттың әсерлі образын жасаудағы инновациялық тәсілдемелерін, үлгілерін пайдаланудың маңыздылығы баяндалды.

Түйін сөздер: плакат, әлеуметтік плакат, графика, дизайн білімі, жобалау, инновациялар.

Аннотация
Байтасова А.Т.
магистрантка 2 курса специальности 6М041400 – «Графика», ЮКТУ им.М.Ауэзова,
г.Шымкент, Казахстан aika_bt@bk.ru
Научный руководитель: С.К. Бейсенбаев
Проректор по социальной и воспитательной работе ЮКТУ им.М.Ауэзова,
д.п.н., академик АПН РК г.Шымкент, Казахстан bei-sad@mail.ru

СОЦИАЛЬНЫЙ ПЛАКАТ – ВИД ГРАФИЧЕСКОГО ИСКУССТВА

В статье были выявлены смысловое и тематическое отличие социального плаката, которое выделяет его среди прочих жанровых разновидностей плаката. Проведен анализ основных средств формирования выразительного художественного образа в дизайне социального плаката, а также был приведен анализ тенденций, возникших в современном социальном плакате, который позволяет выделить две полярные разновидности этого феномена. Принимая во внимание исключительно формальные характеристики социального плаката, были показаны тенденции, которые следует поддержать и усилить современным художникам. Так как социальный плакат имеет большое воспитательное значение, является носителем гуманистических ценностей культуры и общества, пропагандистом базовых ценностей дизайна, придается значение влиянию на ценности молодых художников и специалистов в области дизайн - графики в правильном направлении. Кроме того показана значимость применения тенденций и примеров инновационных подходов в создании выразительного образа социального плаката в учебном образовательном процессе с целью подготовки талантливых профессионалов.

Ключевые слова: плакат, социальный плакат, графика, дизайн образование, проектирование, инновации.

Abstract
Baitasova A.T.
¹master of 2 course specialty 6M041400 – "Graphics", SKSU named after M.Auezov,
Shymkent, Kazakhstan aika_bt@bk.ru
Scientific supervisor: S.K. Beisenbayev Vice-rector for social and educational work SKSU named after M.Auezov,
Ph.D., Academician of the Academy of Pedagogical Sciences
of the Republic of Kazakhstan Shymkent, Kazakhstan bei-sad@mail.ru

SOCIAL POSTER IS A KIND OF GRAPHIC ART

The semantic and thematic difference of the social poster, which distinguishes it among other genre varieties of the poster were revealed in the article. The analysis of the main means of forming an expressive artistic image in the design of a social poster was carried out, and there was given an analysis of the trends that emerged in the modern social poster that allows us to distinguish two polar varieties of this phenomenon. Taking into account the purely formal characteristics of the social poster, trends were shown that should be supported and strengthened by contemporary artists. As the social poster has great educational value, it is the bearer of the humanistic values of culture and society, the propagandist of the basic values of design, there was given an importance to influence the values of young artists and specialists in the field of design graphics in the right direction. In addition, there was shown an importance of applying trends and examples of innovative approaches in creating an expressive image of a social poster in the educational process for the training of talented professionals.

Keywords: poster, social poster, graphics, design education, design, innovation.

Біз әлеуметтік плакатты Қазақстанда бай көркемдік және жобалық дәстүрлері бар графика өнерінің тарихи қалыптасқан жанры ретінде қарастырамыз.

Ғылыми дереккөздерде «плакат» ұғымы дәстүрлі түрде тіктөртбұрышты форматтағы, түрлі масштабтағы, полиграфиялық әдіспен қағазда орындалған тираждалатын графикалық туынды ретінде түсіндіріледі. Әлеуметтік плакатты плакаттың басқа жанрлық түрлерінің (кино плакаты, ойын-сауық, жарнама-лық, саяси) арасында ерекшеліу үшін біз оның мағыналық және тақырыптық айырмашылығын айқын-дайтын қысқаша анықтамасын келтіреміз.

Әлеуметтік плакат – бұл негізгі әлеуметтік құндылықтарды насихаттайтын плакат. Әлеуметтік плакатта жеке тұлғаның әлеуметтік көріністері, қоғамдағы әлеуметтік қарым-қатынастың қыр-сыры, қомақты әлеуметтік мәселелер, қатерлер мен ауыртпалықтар бейнеленеді [1].

Отандық әлеуметтік плакаттың мақсаттары мен функционалды міндеттерінің жүйесін талдау бізге жобалық зерттемелердің негіз қалаушы аспектілерін ерекшелуге мүмкіндік береді. Заманауи әлеуметтік плакатта пайда болған тенденцияларды талдау бұл феноменнің екі полярлы түрін бөліп көрсетуге мүмкіндік туғызады:

– авторлық «көрмелік әлеуметтік плакат» – жеке (тираждық емес) эксклюзивті плакат, байқауларға (көрмелерге, фестивальдарға) қатысу үшін жасалатын плакат;

– «көпшілік әлеуметтік плакат» – әдетте атауы жоқ, көптиражды плакат, әлеуметтік науқанның объектілер кешенінің жүйесіндегі құрылымдық элемент болып табылады.

Айта кететіні, авторлық «көрмелік» плакат өнерге жақынырақ. Көрермен жеке плакат туындысын қабылдауға психологиялық икемделген және дайын болады. Ал көрерменнің «көпшілік» әлеуметтік плакатты қабылдауы бір мезеттілік және өткінші сипатта ғана болады. «Көрмелік» әлеуметтік плакат «көпшілік» плакатқа қарағанда «тереңірек» және субъективті. Қазіргі кезде «көрмелік» және «көпшілік» плакаттың жақындасуы туралы ойлар соңғысының көркемдік және эстетикалық сапасын жоғарлату мақсатында жиі айтылып келеді.

Қазақстан, Ресей және алыс шетелдің әлеуметтік плакаттарының заманауи мәселесін зерттеу бізге баспаның жаңа технологияларын қолдану арқылы плакаттың функционалды-морфологиялық мүмкіндігін кеңейту және оның морфологиясының консервативті аясына инновациялық ағымдар мен қалыптан тыс, кейде радикалды-альтернативті тәсілдемелердің басымдық қажеттілігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Бұл дегеніміз, плакаттың қағаз-парақтық объектісі түріндегі графикалық өнердің дәс-түрлі ғылыми түсінігіне өзгеріс енгізу керектігін туындатады. Бүгінде көпшілік әлеуметтік плакат әлеуметтік-мәнді ақпаратты ұсынуда белсенділікті қажет етеді. Әлеуметтік плакаттың тек формалды сипатта-маларын назарға ала отырып, қазіргі суретшілерге келесі тенденцияларды қолдау және күшейту қажет:

– плакаттағы бейне дұрыс тіктөртбұрышты форматпен шектелуі міндетті емес. Ол басқа да геометриялық формада болуы мүмкін. Бүгінде тіктөртбұрышты форматтағы формаларды өзі жабысатын мөлдір материалдар қолдану арқылы күрделі, еркін түрге өзгертіп жіберуге болады;

– плакат жасауда жаңадан шыққан қағаздарды, баннерлік матаны, өзі жабысатын материалдарды, қараңғыда жарқырап тұратын бояу және басқа да жаңа технологияларды пайдалану ауқымын кеңейту қажет;

– плакат бетіне пластикалық трансформацияларды қолдана отырып оның морфологиясын өзгерту арқылы, яғни жазық (тұтас, тұйық) деген плакат туралы стереотипті ойларды өзгерте отырып, плакат бетіне бейнелі пішіндерді кесіп жасау және жеке элементтерді қайыру, шеттерін жапыру, кей жерлерінде тегіс жазықтықтағы бейнені көлемді етіп жіберу және т.б.;

– плакаттарды орналастыру кезінде де дәстүрлі емес жерлерді де қолдануды ойластырып отыру керек. Плакаттарды бұрындағыдай тек ғимарат қабырғаларының және арнайы жарнамалық стендтердің бетіне ғана емес, қаланың басқа да нысандарында, ортақ пайдаланылатын орындарда (метрода, сауда орталықтарының еденінде немесе төбесінде, қоғамдық көлік есіктерінде, қоқыс тастайтын бақтарда және т.б.) жабыстыруға болады. Осылайша, әлеуметтік плакатты орналастырудың ауқымын кеңейтіп, шығар-машылыққа «еркіндік» беру қажет. Бұл жұрт назарын аударуға көп септігін тигізеді [2].

Әлеуметтік плакатта инновациялық нысандарды жобалаудың басты принципі – бұл бейнелеудің барлық түрі арқылы назарды әлеуметтік мәселеге аудару болып табылады. Плакат дизайнының жаңалығы және оригиналдығы, ең алдымен, дизайнерлік туындының көркемдігіне емес, әлеуметтік идеяға барынша назар аудартуға жұмыс жасау керек.

Әлеуметтік плакаттың даму тарихында әлеуметтік плакаттың әсерлілігін және жалпы графикалық дизайнын байытқан ерекше композициялық-графикалық, стилистикалық, семантикалық дәстүрлер қалыптасты. Заманауи әлеуметтік плакат өзінің функционалды-морфологиялық құрылымын кеңейтті және дизайнерлік инновациялардың келешегі бар объектісі болып табылады [3].

Алдында айтып кеткеніміздей, әлеуметтік плакаттың үлкен тәрбиелік мәні бар, ол мәдениет пен қоғамның гуманистік құндылықтарын таныстыратын, дизайнның негізгі құндылықтарын насихаттаушы болып табылады. Әлеуметтік плакаттың тақырыптық типологизациясы оның үш негізгі түрін айқын-дайды: «адам өміріне төнетін қауіп-қатерді көрсету, бұзақылықпен күрес», «құндылықтар мен мораль-дық-өнегелілік әлеуметтік стандарттарды жариялау», «жасампаздыққа және белсенді әрекетке шақыру». Бұлардың әрқайсысына әсерліліктің айрықша эмоционалды-образды және эстетикалық концепциясы тән. Отандық

әлеуметтік плакаттың ерекшелігі «күйзеліс жағдайы» және «гротеск» эмоционалды-образдыәдісін қолдану болып табылады.

Әлеуметтік плакатта әсерлі көркем бейнені қалыптастырудың негізгі құралдары әрқашанда мыналар болған:

– метафора әлеуметтік плакаттың образдық әсерлілігін күшейтудің дәстүрлі құралы болып табылады. Әлеуметтік плакаттардың символикасын талдау заманауи плакатта әлем мәдениетінде орнығып қалған плакаттық символдар да, заманауи символдар да (өзекті оқиғалар, әлеуметтік мәселелер мен ауыртпалықтар) қолданылатынын көрсетті;

– әлеуметтік плакаттың образды-графикалық әсерлілігінің үш негізгі принципі анықталған. «Бір мағыналылық принципі» және «лаконизм принципі» плакат образын тезжәне нақты қабылдауды анықтайды. «Үйлесімдік принципі» плакаттың және көрерменнің эстетикалық жүйелерінің сәйкестігін қамтамасыз етеді, ол заманауи бұқаралық мәдениеттің өзекті визуалды-графикалық тілінің қолданылуын қажет етеді;

– дизайндағы инновациялық тәсілдерді қолдана отырып, заманауи әлеуметтік плакаттың образдық әсерлілігін күшейту тенденциялары [4].

Әлеуметтік плакатұлтық көркемдік білімі жүйесінде оқу жобалау объектісі ретінде маңызды тәрбиелік және оқыту мағынасына ие.

Әлеуметтік плакаттың әсерлі образын жасаудағы инновациялық тәсілдемелердің анықталған тенденциялары мен үлгілері графика саласы суретшілерін даярлау жүйесіндегі оқу-білім беру үдерістерінде пайдалану үшін бай әдістемелік материал бола алады. Әлеуметтік плакаттың тәрбиелік рөлі де баға жетпес – ол жас суретшінің таңдаған мамандығының құндылықты бағдарларын ұғынуға көмектеседі.

Оқу үрдіс кезінде жобалауда, студент алған тапсырмасын орындау үшін технологиялық шектеулер болмаса, оқытушы дәстүрлі тәсілдерді қолдану керек деп қатал талап қоймаса, әлеуметтік плакаттың жаңа, қалыптан тыс бейнелі шешімдері мен инновациялық әртүрлілігін жобалау кезінде студенттің шығармашылық әлеуетін ашуға, оның жобалық ойлауы мен өнертапқыштығын оятуға көмектеседі.

Бұл онсыз да жаңашыл, болжамалы, заманынан озып жатқан дизайнерлік істің дәл мәнісін әбден түсінуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Игошина Т.С. Плакат социальной рекламы в системе обучения дизайнеров рекламы и графики. Проектирование с использованием метода решения кентавр-проблемы (на примере УралГАХА, г. Екатеринбург)//Вестник Оренбургского государственного университета. – 2007, № 76 – 236-241 б. – 0,5 б. п.

2. Воронов Н.В. Искусство предметного мира Серия: Новое в жизни, науке, технике. Искусство М. Знание 1997 г.

3. Серов С.И. Московский концептуальный плакат 1990-х годов. – М.: Линия График, 2004. –12 б.

4. Игошина Т.С. Дизайн социальной рекламы: исторический путь, художественные традиции и инновационный поиск в дизайн-проектировании. // Научный журнал МГУДТ «Дизайн и технологии». №14 (56). - М.: ИИЦ МГУДТ, 2009 – 0,7 б. п.